


ЖЕГІҚҰРТ



FC

Жылда көктем шықса, ауылдағы әкемнен маза қашады.

– Жұрт алып жатқан субсидияға да қолымыз жетпеді. Қорасында тышқақ лағы жоқтар алып, жырғап отыр, – дейді.

– Сізге неге бермейді? Бір қора қойыңыз бар ғой, – деймін мен де.
– Қайдан білейін? Сұрап барсам, береміз, күтіңіз! – деп шығарып салады. Жеме-жемге келгенде қойымның құлағы «шұнақ», мұрны «пұшық» болып шығады. Сөйтіп, үкіметтің беріп отырған тегін ақшасынан қағылып отырған жоқпын ба? – деп кәдімгідей күйіп-пісетіні бар.

Биыл да салы суға кеткен жайы бар. Онысы рас. Субсидия деген соң, әкімдікті жағалап, тегін ақшадан өз үлесін алып, жем-шөбіне жаратқысы келеді. Бірақ жыл сайын тауы шағылып кайтады.

– Дардай журналиспін дейсін. Сен де жолын іздеп көрмедің, – деп кейді өткен жолы. Катты тиді. Бұрын ойланбаппын.

Осы аптада Жамбыл облысында мемлекеттен берілетін қайтарымсыз ақшаны бір шенеуніктің бала-шағасымен бөліске салғаны туралы ақпаратты оқып, әкемнің «жыры» құлағымда қайта жаңғырды. Ол «Берсең аласың, ексең орасың» деген мақал болушы еді. Субсидия беретіндер сол мақалды «патенттеп» алған

сияқты» деген бір хабарласқанында. Сонысы рас екен-ау!..


Бұрын жемқорлық жен ұшынан жалғасушы еді. Мына жағдайға қарағанда, енді дастархан басына ауысқандай. Субсидияға қол салған, қол салғанда да мол салған әлгі шенеунік Шу аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Самат Сейдахметов деген азамат болып шықты. Ол 2014-2016 жылдар аралығында «Бектібай», «Бектібай-1», «Самат» және «Еркін» шаруа қожалықтарына «жанар-жағармай шығындарына» деп, жалпы сомасы 159 миллион 910 мың теңге субсидия бөлген. Шу ауданы бойынша ең ірі қайтарымсыз ақша алған осы шаруа қожалықтарының басшылары әлгі шенеуніктің ағасы, әйелі, баласы және келіні болып шығыпты. Жергілікті шаруаларға бөліп берілуге тиіс 160 миллионға жуық қаржының қызығын шенеуніктің отбасындағы жақындары, бір дастархан басындағы туыстары көрген. Мұны Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Жамбыл облысы бойынша департаменті хабарлады. Департаментке біз де қонырау шалдық. Департаменттің басқарма басшысы Дәурен Омаров 160 миллион теңгенің қалай бөліске түскенін растап отыр.

Ол «Біздің департамент талдау жұмыстарын жүргізеді. Шу ауданының ауыл шаруашылығы бөліміне талдау жұмыстарын жүргізгенімізде, осы мәселені анықтадық. Бірақ 160 миллион теңгенің заңды немесе заңсыз бөліске түскені туралы біз ешнәрсе айта алмаймыз. Өйткені мемлекеттік қызмет туралы заңда және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң бойынша, мүдделер қақтығысы деген дүние бар. Заңда «Мемлекеттік қызметте отырған кез келген азамат жақын туыстарына қатысты қандай да бір шешім

қабылдауына тыйым салынады» деп жазылған. Ал әлгі шенеунік шаруалардың субсидия алуға ұсынылған өтінімдерді өзі қараған, шешімді өзі шығарған. Ведомствоаралық комиссия төрағасының орынбасары ретінде жиынтық актілерге өзі қол қойып келген. Қазір бұл іс бойынша қылмыстық іс қозғалды. Құзырлы мекемелер тергеп-тексеру жұмыстарын жүргізіп жатыр. Біздің тараптан іс анықталды. Әкімге хабарладық. Әкім Сейдахметовты жұмысынан босатты. Субсидияның түрі көп. Бұл жанар-жағармай шығындарына бөлінген субсидия», – деп мән-жайды баянлады.

Қайтарымсыз ақша болған соң әркім өз үлесін алып қалғысы келетіні анық. Алайда «Судын да сұрауы бар» екенін ұмытып кететініміз қызық! Ауылдағы әкеме қонырау шалып, осыны айтқам. «Әй, сол субсидияна көз тііп кеткен ғой деймін. «Сүф, сүф» деп қойындар!» деп күлді. Мен де іштей «Сүф-сүф, субсидия!» дедім.

Жарас КЕМЕЛЖАН



БИРЖАМЕТР



МҰНАЙ (brent)
74,49



DOLLAR
327,87



EURO
405,44

АЛТЫН (ун.)
1352



СЫР-СҮХБАТ



**НОТА
ҰРЛАП,
ӨУЕН
ҚҰРАП,
ӘН
ЖАЗАТЫНДАР**

«Өзім барда, тірі кезімде ұмытыла қоймаспын. Роза апаларым сияқты дүниеден көзім кеткеннен кейін, бәлкім, ұмытылатын шығармын? Роза, Күләш апаларымнан өзімді биікпін деп есептемеймін. Олардың қасында біз кіміз?»

(Толығырақ 5-бетте)

ТАҒДЫР



ЖӨМИЛА НЕГЕ РЕНЖІДІ?

немесе АТАҚТЫ БЕКМЕТ ӨҮЛЕТІ ТУРАЛЫ ҮЗІК СЫР


Жамиланың атасы Мұхаммед-Мұхтардың кенже інісі Мұхсин Бекметев те Міржақып Дулатовтың «Оян, қазақ!» деген өлеңін таратқаны үшін қудаланады. Жандарм полициясының басқармасы оны әлгі 1911 жылдан бастап қатаң бақылауға алыпты.

(Толығырақ 7-бетте)

ҚЫЗЫҚТАН
ҚЫЗЫҚТАРЫ

**ӨРТИСТІҢ КӨЛІГІ
БОЛМАДЫ**

Өткен жылы газетімізде «Jeep-ті жақсы көретіндер» деген мақала жарық көрген еді. Онда Атырауда музыкалық колледждің директоры домбыра мен қобыздың автобусқа сыймайтынын айтып, мемлекеттік тапсырыс арқылы Land Cruiser Prado алдырғаны айтылды.



Батыс Қазақстан облысы Зеленов ауданының әкімі де өртістің қамын қатты ойлайды екен. uralskweek.kz хабарлағандай, аудан басшысы Кәрім Жақыпов ауыл-аймақтарға көп шығатын өртістер үшін 24,5 млн теңгеге Toyota Land Cruiser 200 көлігін сатып алған. Әкім тіпті өнер адамдары Ресеймен шекаралас жатқан ауылдарға барғанда, көршілес елдің азаматтарының алдында ұят болмасын депті. Алайда сайттың жазуына қарағанда, ол қымбат көлікпен өртістерді емес, әкімді таситын көрінеді.

БИЛІК

Биыл көрсеткіші тым нашар банктерді сауықтыруға арналған Ұлттық банк бағдарламасы тоқтатылады. Акционерлері дұрыс басқара алмағандықтан бұл банктер қарызға батып, салымшылар алдында өз міндеттемесін орындай алмады. Сол себепті де көрсеткіші нашар. Бұл банктерді сақтап қалу үшін акционерлер өзінің жеке қаражатын құйып, кезінде олардан шығарып алған қаржыны қайтаруға тиіс. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Ұлттық банк қызметінің қорытындысы туралы кеңес өткізіп, бірқатар тапсырма берді.

көрсетілген қаржы секторын қайта жаңғырту жөніндегі шараларға тоқталды. Бүгінде экономиканы ұзақ мерзімді несиенен қамтамасыз ету мәселесі шешімін таппай отыр. Қор нарығын жандандыру керек. Сондай-ақ банк жүйесінде

2018 жылы инфляция 5-7 пайыз шамасында болады деп ойлаймыз. Биылғы ақпан айының соңындағы жағдайға сәйкес, заңды тұлғаларға тенгемен берілетін несиенің ставкасы 12,9 пайызға дейін төмендепті. Бұдан бөлек, Д.Ақышев



ҚАРЖЫ ҚАЙТАРЫЛУЫ ТИІС

Алқалы жиында Елбасы макроэкономикалық көрсеткіштердің жақсарғанын және инфляцияның белгіленген межеледен аспағанын атап өтті. Сондай-ақ реттеуші тарапынан қаржы институттарының қызметін қадағалауды күшейту қажеттігіне назар аударды. Мемлекет 3 триллион теңгеден астам қаражат бөліп, банк жүйесіне бұрын-соңды болмаған қолдау көрсетті. Бұл ретте банктер тарапынан берілген несиенің көлемі артапай, 2017 жылдың соңында 12,7 триллион теңгені құраған. «Жұмыс істемейтін» несиенің үлесі 10 пайызға жетеді. Сол себептен көрсеткіші өте нашар банктерді сауықтыруға арналған Ұлттық банк бағдарламасы тоқтатылады.

Н.Назарбаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауында және «Бес әлеуметтік бастамасында»

туындаған жағдайларды уақтылы бағамдап, тиімді әрекет ету қажет. Жиында Парламентте талқыланып жатқан валюталық реттеу туралы заңға енгізілетін өзгерістердің қабылдануына байланысты «7-20-25» бағдарламасы аясында атқарылатын жұмысты биыл бастау керектігі айтылды.

Данияр Ақышев 2017 жылы Ұлттық банктің қызметі нарықтағы бағалардың тұрақтылығын қамтамасыз етуге және банк секторының жұмысын бір қалыпқа келтіруге бағытталғанын атап өтті. Оның айтуынша, қаржы нарығындағы жағдай қалыпты. Макроэкономикалық көрсеткіштер мен қаржы секторының даму индикаторлары тұрақты түрде жақсарып келеді.

теңгенің айырбас бағамындағы ахуал мен оған ықпал еткен ішкі және сыртқы факторларға түсінік берді. Ол «Өткен аптада жекелеген ресейлік компаниялар мен тұлғаларға қатысты АҚШ-тың экономикалық санкцияларын кеңейтуіне байланысты оқиғалар болды. Тиісінше, Ресейдің қор және валюта нарығында белгілі бір өзгерістер орын алды. Әрине, олар Қазақстанның да валюта нарығына әсер етті және бұл еркін бағам жағдайында қалыпты нәрсе саналады. Егер рубль бағамы 10 пайыздан астамға құлдыраса, теңге номиналды түрде айтсақ, 3 пайызға ғана төмендеді», — деді.

(Өз тілшіміз)

АПТАНЫҢ АЙТАРЫ

200

ман теңге.

Орада құны осынша тұратын монумент қирап қалды

50

ман теңге.

Астаналық бай-бағандар пәтерлерін осынша ақшаға жөндеуден өткізеді

120

млн доллар.

Виктор Храпуновтың отбасы елімізден жымқырған ақшасын Кипрдегі Танзания банкінің бөлімшесінде сақтаған

7 сөз Былтыр Қытайдан оралған 30 000 қандасымыз азаматтық алды

Наталья ЖҰМАДИЛДАЕВА,
Мәжіліс депутаты:



— Ерлан Кенжеғалиұлы (Е.Сағадиев — білім және ғылым министрі), бір жылда әлеуметтік зерттеу жүргізуге 1 млрд 300 млн теңге жұмсаудың қажеті бар ма? Сіздерде үш ауысымдағы, апатты мектептер жоқ па? Болмаса, мұғалімдерге қосымша ақы төлеу мәселесін шешіп тастадыңыздар ма? Сонда 460 млн теңге аздық ете ме?

Нұрлан НЫҒМАТУЛИН,
Мәжіліс төрағасы:



— 460 млн теңге бөлінді, қосымша тағы 800 млн алуды жоспарлап отырсыздар. Сонда быылға 1 млрд 300 млн теңге бөлінбек. Былтыр әлеуметтік зерттеулерге 1,30 млрд бөлінді. Биылғы жағдай да былтырғыдай. Ең бірінші 770 миллион теңге бөлінеді. Одан кейін қосымша 540 миллион теңге қосады. Әлеуметтік зерттеулерге жыл сайын миллиард теңгеден астам ақша жұмсау керек деу сіздердің жоспарларыңыз сияқты. Ал еліміз бойынша 45 апатты мектеп, үш ауысыммен оқитын 127 мектеп бар екенін ұмытпайық!

Құрық

«МАЙШЕЛПЕКТИҢ» ҚҰНЫ – 10 МЛН



Біздің елде ай сайын миллион теңге жалақы алатын мамандар бар екен. Олар шенеуніктер немесе кәсіпкерлер емес. Қарапайым есепші мен экономист. Сонда кімдер?

Қызылордадағы Қармақшы аграрлық-техникалық колледжінің қызметкерлері. Былтыр өздерінің жеке есеп-картасына 10 млн 331 теңгені еш қымсынбастан жалақы есебінде аудара салыпты. Бұл сома колледждің бюджеті емес пе? Бұл не деген батпан құйрық! Бұған апам да аң-таң, біз де аң-таң болып отырмыз. Есепші өзіне 1,636 млн, сыбайласына 1,168 млн теңге аударуы керек екен. Бірақ ол өзіне еңбек демалысы, сыйақы, өтемақы есебінен 8,052 млн, экономистке 3,915 млн теңгені лақтыра салған. «Судың да сұрауы бар» деген. Қазір бұл іс бойынша қылмыстық іс қозғалып, тергеу жұмыстары жүріп жатыр.

Әлеумет.t⁰

Телеарнада журналистің құрметті үш қызметі бар: репортер, шолушы және комментатор. Телеарналардағы негізгі шығармашылық жұмысты атқаратын осылар. Редактор, жүргізуші, диктор ренжімес. Әңгіме өзегі — спорт комментаторы. Бір әріптесімнің «Пәленше деген комментаторлар репортаж жүргізгенде теледидардың дауысын өшіріп тастаймын» дегені бар. Мен ол жігіттің кім туралы айтып отырғанын жақсы білемін. Сәл әріректен бастайық.

Осыдан бір-екі жыл бұрын белгілі бір спорт комментаторының кезекті репортажынан кейін жаны қатты киналған танымалдылығы одан

аударып айтатын болдық. Оған намыстануды қойдық. Ескерте қалсаңыз, ерегіскендей жиілетіп жібереді. Қазақ «Пәленше Түгеншеден ұтылып қалды» дейді. Мұны біздің кейбір күйік комментаторларымыз қалай айтады? «Пәленше Түгеншеге ұтылып қалды» дейді. Бұл — ең жиі қолданылатын сөйлем. Комментатордан бөлек репортер де, шолушы да, тіпті диктор да жаңалықтың соңына қарай осылай дейтінді шығарды. Бас редактор не істеп отыр сонда? Қазақ «алматылық Марат», «астаналық Оспан» деп айтады. Ал біздің комментаторлар не дейді? «Алматылық «Қайрат», «Астаналық «Астана» деп көсіліп отырады. Қазақ тілінде

АРТҚЫ АЯҚ ПЕН АЛДЫҢҒЫ АЯҚТЫҢ БАР ЕКЕНІН БІЛДІК

бізде кем емес спорт журналисі «Жүйкеміз темір емес қой, Асхат!» деп «Sport» (бүгінгі «Қазақ спорты») газетінің бетінде өкпесін білдірді. Сол сол екен, бұл азаматпен байланысымыз кілт үзді. Шын сынды басамыз деп, біреудің шамына тиген болып шықтық. Спорт комментаторы жүйкеге неге көп тиеді? Бүгінде әлем спорт тілімен сөйлейтін болды. Спорт жұрттың басын қосатын, елдің имиджін анықтайтын сыңға айналды. Кезінде Ильин Қазақстанды әлемге қалай танытса, бүгінде кәсіпқой бокстың тарланына айналған гүрзі жұдырықты Головкин қазақ елінің туын шетелде абыроймен желбіретіп жүр. Спортта Головкин десе — Қазақстан, Қазақстан десе Головкин елестейтін болды көзге. Спорттың осылай дамып тұрған тұсында комментаторсыз жарыс өте ме? Әлемдегі нөмір бірінші спорт — футбол десек, оны да жүргізетін комментатор. Еліміздегі нөмір бірінші спорт түрі бокс десек, ол да комментатордың араласуынсыз қызықты емес. Мәселе комментатордың осы спорт түрлерінен болатын бәсекелерден репортажды қалай жүргізіп жүргенінде. Егер комментатордың тәжірибесі жетіспей, матч барысында кібіртіктеп жатса, болмаса, эмоциясын білдіретін тұста тым қарабайыр суреттеп кететін болса немесе қажетсіз жерде эмоцияға беріліп кетіп аста-төк болып жатса, тәжірибе жинақтай келе ондай кемшіліктен арылып кетер деп үміт күтесіз. Ал тәжірибелі комментаторларымыз бір кәтелікті мың рет қайталап, сөздің этимологиясынан хабарсыз, қалай болса солай сөйлеп жұрттың дегбірін алып жатса ше? Мұндайды қазақ «Ет сасыса, түз себеді, түз сасыса, не себеді?» деп күйінетін болған. Қазақ тілі мен орыс тілінің ережелері бөлек. Ал біз бүгінде орышадан тікелей

-дық, -дік, -тық, -тік, -лық, -лік жалғаулықтары адамның бір нәрсеге қатыстылығына орай жалғанады. Сондықтан «Алматының «Қайраты», Елорданың «Астана» командасы деп жазылатынын талай рет ескерттік. «Жұмыс істеу» деген тіркес спорт термині болып қалыптасып келеді. Бокста «екі қолымен бірдей жұмыс істейді» (екі қолы бірдей қимылдайды деген мағынада) деп жатады. Мейлі, біз тырнақ астынан кір іздемей-ақ қойыық. Қазір комментаторлар арасында екінші бірі осылай айтып жүр. Мұны сәл өзгертіп, «екі қолымен бірдей жұмыс жасайды» дейтіндер шықты. Жұмыс істеу — бұл процесс, ал жұмыс жасау — акт. Бокста «алдыңғы қол, артқы қол» деген термин пайда болды. Алға созып жүретін қол бар да, артта ұстайтын қол бар. Оған да құлақ үйренді. Енді «артқы аяқ, алдыңғы аяқ» дегенді шығарыпты. Алдыңғы аяқ, артқы аяқ жануарда ғана болады. Комментатордың экспромт жасауы көңілге қонады. Оларда суырып салмалық, шешендік, тапқырлық, әрине, әртістік қабілеті болғанын құптаймыз. Ал әлгі сөз «Әкесін сабағанды талай көрдік, бірақ арбаға танып қойып сабағанды бірінші рет көріп отырмын» дегеннің сынайы. Әнебір күні бір танымал жүргізуші «...Екінші голды соғуға мүмкіндік ұйымдастырып жатыр», «...жол берген кемшіліктерге жол беруге болмайды» деп отыр. Теледидарды өшіріп, орнымнан тұрып кеттім. Тәжірибелісі осы болса, тәжірибесіз комментатор қандай?..

Дүрәлі ДҮЙСЕБАЙ, спорт шолушысы

Заң мен талап

Салық төлеу керек екенін білмейтін қоғамда өмір сүріп жатқан жоқпыз. Бірақ Алматыда салықтың жалтарып, онысын, тіпті қылмыс санамайтын азаматтар бар екен.

КТК телеарнасының тілшілері мен салықшылар Алматыда рейд жүргізді. Олар екі қабатты зәулім үйдің астындағы машина жасайтын «жабайы» орталыққа барды. Темір көліктердің «ішек-қарнын» ақтарып жатқан оншақты Өзбекстан азаматының үстінен түсті. Әлгілер еш жерге тіркелмеген, ешкімге салық төлемейді. Айына әрқайсысы 50 мың теңге айлық алады. Келімсектер орналасқан құжыраның тазалығы туралы сөз қозғаудың өзі артық.

Заңсыз бизнес ашып, арзан еңбек күшін пайдаланып отырған кәсіпкер мән-жайды түсіндірмекші болған салықшылардың жағасынан алды.

ТАБЫС БАР, САЛЫҚ ҚАЙДА?

Білместіктен емес. Біліп тұр. Сонда да салықшы екен деп ескенбейді. Алматы қаласы Мелеу аудандық мемлекеттік кірістер басқармасы басшысының орынбасары Қуаныш Түменбаев «Біз алдымен тексеру жүргіземіз. Ол азаматтарға 30 күн уақыт береміз. Кәсіпкер немесе заңды тұлғаның табысын есептейміз. Содан кейін құжаттарды экономикалық тергеу қызметіне береміз. Олар қылмыстық іс қозғайды», — деп түсіндірді. Ал көрші елден келген азаматтар депортацияланады. Оларға заңсыз жұмыс берген кәсіпкерге 300-400 мың теңге көлемінде айыппұл салынады.

Әзімбай ҒАЛИ, *саясаттанушы:*

«Жалпы Ресейдің ресми бұқаралық ақпарат құралдарының Қазақстанға тиіскенін осы уақытқа дейін естімеппін. Осы жолы тележүргізуші В.Соловьев қысынсыз дүниелерді айтты. Мұны «жұмсақ қысым» дейді. Ол өз сөзінде Қазақстан мен АҚШ-тың қарым-қатынасын сынады. Ол сонда Қазақстанның тәуелсіз, көпвекторлы саясат ұстанатынын білмей ме? Әрине, біледі. Жалпы біздің мемлекеттің Ресейден де басқа, мысалы, АҚШ-пен шешетін өзара мәселесі бар. «Владимир Соловьевпен жексенбілік кеш» бағдарламасына келген қонақтар да «Қазақстан Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына мүше болғандықтан, ол елдің

президентімен АҚШ байланыспас бұрын рұқсат сұрауы керек еді» деген пікір білдірді. «Орыс тілінің Қазақстандағы қолданысы төмендеп келе жатыр» деп байбалам салды. Бұл, біріншіден, біздің ішкі мәселеміз. Оның үстіне орыс тіліне бізде ешқашан шектеу қойылмаған. Керісінше, біздегі қазақтар орыс тілін орыстардан жақсы біледі. БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінде «Қазақстан Ресейді қолдамады» деген пікірді де естідік. Ол – еліміздің өз саясаты, өз ұстанымы. Оның дұрыс, не бұрыс болуы да мүмкін. Егеменді ел, дербес субъект. Әрдайым өз мүддесіне сәйкес әрекет жасайды. Бұл әңгіме Ресей саясаттанушыларының, идеологтарының өз арасында талқыланса бір жөн. Олар Ресей телеарналары біздің елімізде көрсетілетінін ұмытып кетсе керек. Қазақтың 90 пайызы орыс тілін біледі. Осы тұста біздің мемлекеттік телеарналар да студияға сарапшыларды шақырып, мәселені талқылау керек еді. Алайда үнсіз. «Жұмсақ қысымға» өте сауатты жауап берілуі тиіс. Ал сыртқы істер министрлігі мен ақпарат және коммуникация министрінің бұл мәселеге қатысты жауап бергені қуантты»



1+2

Ержан АШЫҚБАЕВ,
Қазақстан сыртқы істер вице-министрі:



«Өкінішке қарай, көршілес әрі бауырлас елден осындай сөз естіліп қалып жатыр. Біз ең алдымен Ресейдің ресми мекемелерінің айтқанына көңіл аударамыз. Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев пен Ресей басшысы Владимир Путин арасындағы келіссөздің нәтижесі бәріне белгілі. Екі ел арасында түсіністік пен татулық орнаған. Әрине, біз өткен жылдардағыдай, бұл мәселеге қатысты белгілі бір шаралар қолданамыз. Кейбір сарапшылар мен қоғам қайраткерлерінің сөзі екі ел арасындағы достыққа сызат түсірмеуі тиіс»

QOĞAM

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru



Бір сұрақ

Байқаған шығарсыздар, теледидарда немесе әлеуметтік желіде Батыс Еуропадағы сатушысы жоқ дүкен жайлы видео жиі кездеседі. «Ол өзі қандай дүкен» дейсіз. Көдімгі жол бойында тұрған гүл дүкені немесе ашық аспан астындағы гүлзар. Бір қызығы, ол жерде сатушы жоқ. Тек гүлдің, не заттың бағасы жазылған жазу мен ақша жинайтын қорап тұрады. Болды. Гүлді алған адам ақшасын қорапқа тастап кетеді. «Қарап тұрған ешкім жоқ. Сондықтан ұрлап кетсем, я болмаса, ақшасын төлемей кетсем де болады ғой дейтін ой ешкімнің миына келмейді. Керісінше, олардың ойында мына гүл – біреудің еңбегі. Ал еңбек міндетті түрде бағалануы тиіс» деген түсінік тұрады.



Ал бізде ше? Жақында Оfo деген бренд велосипедтерді әкеліп, Алматы қаласының көшелеріне қойды. Екі дөңгелекті көлікті пайдаланғанын үшін ақша төлемейсін. Мініп болған соң, орнына қойып кету керек. Бірақ кейбіреулер сол велосипедті үйіне әкелтіпті. Тіпті, мәшинесіне салып, ауыла апарып жатқандар да бар. Адамдар неге бұлай жасайды? Менінше, басты себеп — ой мен түсініктің өзгеруінде.

әлеуметтік жағдаймен ақтайтын болдық? Қалайша ақша ар-намыстан қымбат боп кетті? «Арым — жанымның садағасы» дейтін халық даналығын қалай ұмытып барамыз?

Қазір «түсініктің өзгеруіне кім кінәлі?» деген сауалға жауап іздеп, бас қатырудың қажеті жоқ. Біз адал жол барын түсінуіміз керек. Абылай хан бабамыз айтқандай, білектілер заманы өтті, білімділер заманы

ҚАРА КҮШТІ ҚҰРМЕТТЕЙТІН КҮНГЕ ЖЕТТІК...



Қоғамдағы түсініктің өзгеруі — қауіпті феномен. Соның кесірінен теріс түсінік қалыптасады. Мәселен, бір адам өзгенің дүниесін рұқсатсыз немесе заңсыз алып жатыр дейік. Ондай кезде «Сен оған кінәлі емессің. Бәрі алып жатыр. Сен алмасаң, параны басқа біреу алады. Басқалардан кемсің бе? Бұған сені сондай жағдайға жеткізген қоғам кінәлі. Қоғамның өзі сондай», — деп сол адамды ақтауға тырысады. Ұрлық пен жемқорлықты қылмыс емес, қалыпты, үйреншікті құбылыс етіп көрсеткісі келеді. Бұл адамгершілік, адалдық сияқты қасиеттерді қоғам мүшелерінің бойына дұрыс сіңіре алмай жатқандықтан болып жатыр. Осы бағыттағы идеологиялық жұмыстың ақсауы да бір себеп.

Ең жаманы — жастар арасында онай жолмен ақша табу жиіркенішті әрекет болудан қалып барады. Кейбір жігіттер «движение» жасап, бай болғанды құрмет тұтады. «Бәрі ақша сындырып жүр. Менің қай жерім кем?» дейтін теріс түсінік қалыптасуда.

Осылай ойлайтындар қара күш арқылы даңққа ие болу, біреудің мүлкін сұраусыз алу, біреудің еңбегін бағаламау — қазақ деген атқа кір келтіретінін түсінбейді. Біз оларға мұның бәрі біздің санамызға сіңдірген жалған әрі налдан ой-түсініктің ауысуы екенін білуіміз қажет.

...Кейбіреулер үшін ұрлық қашаннан бері «ардақты азаматқа» айналды? Ақылғи даналарымыздың ешқайсысы теріс жолмен атын шығарған емес! Біз қашаннан бері ұрлықты күнкөріспен,

келді. Білекті бірді жығалды, білімді мыңды жығалды» — дейді халқымыз.

Еңбектен, талаптан, жігерлен, шабыттыңды аш! Міне, сыйлы болудың, даңқ, бедел, атақ иеленудің жалғыз жолы осы.

«Адам болам десеңіз»...

Талап, еңбек, терең ой, Қанағат, рақым, ойлап қой

Бес асыл іс, көңсеніз, — дейді Абай

атамыз. Талаптанып, мақсатқа жету, қоғамға пайда келтіретін өз орнында табу — қиын іс. Бірақ бұл — жалғыз, ең адал жол. Әркім қоғамның тағдырына жауапты екенін түсінуі тиіс. Бұл сенің ғана емес, ортақ үйіміз — Қазақстанның Әлемдік қауымдастықта өзіне лайықты орнын табуы үшін бірден-бір жол болып табылады. Ізденбесек, талаптанбасақ, біз әлемдік еңбек нарығының тек тұтынушысы ғана болып қаламыз! Әлемдік, адамзаттық өркениетке ештене қоса алмай қаламыз.

Мен теріс түсініктен құтылудың жалғыз амалы — жоғарыда айтылған ұстанымдарды жек көру, қабылдамау деп білемін. Замандастарыма айтарым; көп оқы, көп ізден. Абайды оқы, әлемдік әдебиет оқы. Тұлға үшін шынайы, адал түсінікті қалыптастырудың жолы — осы.

Сергей АХМЕТОВ,
IT саласы бойынша халықаралық сарапшы



Ескерту

БАЛМҰЗДАҚТЫ БАЙҚАП ЖЕ!

Қазір сырттан келетін кейбір азық-түлік, жеміс-жидектің және басқа да заттардың зияны туралы көп айтылады. Соны көрсететін бейнежазбалар ғаламторда қаптап кеткен. Кейде «зиян емес нәрсе бар ма еміз?» деп те ойаланып қаламыз.



Наурыз айының аяғына таман Шымкентте жұрт балмұздақтан жаппай ұшына бастады. Алғашқы күні 60-тан аса адамның ауруханаға жеткізілгені айтылды. Бірақ бұл көрсеткіш күн сайын өсіп, ақырында 200-ге жуықтап барып тоқтады. Дәрігерлерге қаралғандардың арасында осы тәттіге аса құмар өзіміз қатарлы балалармен бірге үлкендер де бар.

Мұның ақыры қалай болар екен деп алаңдаған едік. Осы аптада ОҚО қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшылары бұл жағдайдың себеп-салдарын айтып берді.

Олардың айтуынша, балмұздақ жеп ауырып қалған 188 адамның барлығы

қазір ауруханадан шығарылған. Олардың 31-інен салмонелла, 13-інен стафилококк табылыпты. Құдайға шүкір, бәрі жазылып шыққан. Ал әлгі індетті таратқан балмұздақ дайындаушылар мен оны тасымалдап сатушылардың өздері екен.

Аталған департамент басшысының орынбасары Алдаркүл Ахметов «2 отбасы мүшелері балмұздақ қоспасын дайындау барысында жәрдем берген. Сол себептен стафилококк ауруы анықталды. 2 дүңгіршек қызметкерінен салмонелла анықталды. Тағы бір қызметкерден стафилококк ауруы анықталды», — дейді.

Жоғарыда айтқанындай, балмұздаққа көбіне өзін қатарлы балалар құмар. Сол құрбы-құрдастарыма, жалпы жұртқа оны жегенде өте абай болу керек екенін ескерткім келеді.

Мұхит ТҰРСЫНӘЛІ,
Қосжа Ахмет Яссауи атындағы №123 мектеп-гимназияның оқушысы, Алматы

Үштаған

КЕЛІМСЕКТЕН КЕЛЕР ЗИЯН КӨП

Нұрлан ӘБДІРОВ,
Парламент Мәжілісінің депутаты:



Көші-кон бақылауының ішкі және сыртқы көші-қонға да тікелей қатысы бар. Ол жергілікті бюджетті жоспарлау үшін де қажет. Қоғамдық көлікке, мектеп пен медициналық мекеме салу үшін де, басқа да мәселелерге жұмсалатын шығынды есептеу де аса маңызды.

2015 жылдан бері елге келетін шетелдіктердің саны 20 пайызға артқан. Олардың дені — ТМД елдерінің аумағынан. Алайда ішкі істер мекемелерінде тек 2,5 млн шетелдік тіркеуге алынған. Жартысы есепке алынбаған. Бұл өзекті мәселе. Ішкі істер министрлігінің дерегіне, соңғы үш жылда 330 мың шетелдік әкімшілік жауапқа тартылыпты. 36 мың адам елден қуылған. Сырттан келген меймандарға қатысты 3506 қылмыстық іс қозғалды. Көпшілігі есірткі қолданып, ұрлық жасаған. Көші-кон қызметінің тарапынан бақылау шараларын әлі де күшейту қажеттігі туындап отыр. Оның ішінде ішкі істер министрлігі ұлттық қауіпсіздік комитетінің шекара қызметімен бірлесе отырып, өткізу бекеттеріндегі бақылауды күшейтіп, заңсыз келушілердің жолын кесетін жүйені енгізуі тиіс. Бұдан бөлек, қос азаматтық мәселесі де бізді алаңдатады. Қазақстан Конститутциясы оған жол бермейді. Дегенмен біздің еліміздің азаматтығынан шықпай-ақ шетел азаматтығын алатындар жиі кездесіп жатады.

Ішкі істер министрлігінің мәліметіне сүйенсек, 2017 жылы қос азаматтығы үшін 600-ден аса адам жазаға тартылған.

Әлемде террористік қатердің өсуіне байланысты қалыптасып отырған күрделі жағдайды ескере отырып, өткен жылы «Азаматтықтан айыру» институты енгізілді. Бұл мәселе Конституцияда нақтыланған. Дегенмен террористік қылмысы үшін сотталып, Қазақстанның азаматтығынан айырылған адамдардың мәселесі сонына дейін шешілмей отыр. Олар жазасын өтегеннен кейін Қазақстанда қала алады. Сол себепті қоғамға одан әрі қауіп төндіре береді.

Ішкі көші-кон мәселесіне де назар аудару қажет. 2016 жылы ел ішінде әр өңірге 600 адам қоныс аударған. Ол кейбір аймақтардың экономикалық, экологиялық демографиялық ахуалына да әсер етуде. Оны реттеуде кемшіліктер бар. Ішкі көші-конның күрт өсуінен, тіпті, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым тартып үлгере алмай жатырмыз. Соның салдарынан заңсыз құрылыс жүріп, қауіпті жерлерге қоныстану мәселесі де туындауда. Сондықтан, ішкі көші-кон бойынша кейбір аймақтардағы демографиялық, экономикалық жағдайды реттеу керек. Әсіресе, оралмандарды орналастыруда да бұл мәселелерді ескерген жөн. Осы орайда жергілікті атқарушы органдарға үлкен жауапкершілік жүктеледі. Тығыз қоныстанған өңірден жұмыс күшін талап ететін аумаққа көшкендерді еңбекпен қамтуға баса көңіл бөлу қажет.

Көші-кон саласында нақты бақылау жүйесі жоқ. Ішкі істер министрлігі мен ұлттық қауіпсіздік комитетінің ақпараттық жүйелері өзара интеграцияланбаған. Осыған байланысты көші-кон бақылауының біртұтас ақпараттық базасын жасау қажет. Бұл жерде дұрыс құрылған және тиімді жұмыс істейтін көші-кон бақылауы оң әсерін тигізуе тиісті. Ішкі істер министрлігі осы жағдайды жете түсінеді және бұл саясатты мүлтіксіз орындайды деп үміттенеміз.

КІМ КӨРІНГЕН АШАТЫН ЕСІК ЕМЕС

Владимир БОЖКО,
Парламент Мәжілісі төрағасының орынбасары:



БҰҰ бас хатшысының орынбасары, контртеррористік басқармасының басшысы Владимир Воронковтың жуырда жариялаған мәлімдемесі бойынша, 2017 жылы әлем бойынша 100-ден аса мемлекетте 11 мың теракт болған. Соның

салдарынан 25 мыңдай адам қаза тапқан. 33 мың адам түрлі жарақат алды. Ал оның зардабы мен шығыны 90 млрд долларға жетіпті. Тағы бір ақпарат көздеріне сенсек, кейбір елдер мен арнайы қызметтегі мекемелер ДАИШ мүшелерін қанатының астына алып қамқорлық көрсетеді екен. Тіпті олардың қарулы қатығыс аймағынан шығуына қол ұшын созуда. Бұл мәселе бәрімізді алаңдатады. Себебі Сирия аумағынан шыққандар қазір қайда барып панаалауда?

Қазақстан Президенті 2017 жылы Астана клубының жиынында соңғы 25 жылда әлемде мигранттардың саны екі есеге ұлғайғанын айтқан болатын. Бүгінде олардың саны 250 млн адамнан асады. Халықаралық валюта қорының дерегіне сүйенсек, дамыған елдердің өзінде босқындардың саны 5-10 пайызға өскен. Ал БҰҰ мәліметі бойынша, 66 млн босқын заңсыз көшіп-қонып жүр. Мигранттар мәселесі Еуропа елдерін де алаңдатып отыр.

2017 жылы елімізге 5 миллионнан аса адам келген. Олардың арасында Германияға және басқа елдерге көшкен өзіміздің байырғы тұрғындар да бар. Біздің елге келушілер арасында шетелдік туристер мен кәсіпкерлердің қатары көбейді. Оған инвесторларға жасалған жеңілдік әсерін тигізуде. Алайда халықаралық жағдай мен көші-кон ағынының өсуі, ішкі миграция жағдайы күш құрылымдары мен тиісті министрліктерге қосымша жауапкершілік жүктейді.

Келген мигранттар сол елдегі жағдайдың тұрақсыздануына, террористік және қылмыстық қауіп-қатердің артуына, әлеуметтік-экономикалық мәселелердің күрт шиеленісуіне, жергілікті халықтың қалыпты өміріне қысым жасалуына алып келуі мүмкін. Елімізге мигранттардың ішінде террористердің кіріп кету мүмкіндігі ерекше қауіп тудырады. Сондықтан, заңсыз көші-қонды ұйымдастыратын фирмалар мен оны ұйымдастыратын қылмыстық топтарды анықтау керек. Себебі, біздің қолымыздағы дерек пен сандар алаңдаушылық тудырады. Мәселен, Ауғанстанның 49 азаматы оралман мәртебесін алмақ болған. Олардың көпшілігі қазір іздеуде жүр. Бангладеш пен Ауғанстан азаматтары біздің еліміздің аумағы арқылы Еуропаға өтіп, ол жақта тұрақтап қалулы көздейді екен. Екі трансұлттық қылмыстық топ отандық 85 компания арқылы Қытайдан елімізге жаппай заңсыз кіру жолын ұйымдастырған. Басқа елдердің қателігін қайталамас үшін тиісті мекемелер мұның бәрін бүгіннен бастап қолға алып, көші-кон саласын жүйелеу қажет.

ОРАЛМАН АТЫН ЖАМЫЛМАСЫН!

Ауыт МҰҚИБЕК,
ақын, қоғам қайраткері



Шеттен оралған қаңдастарымыз жазықсыз жабылған жала мен орынсыз жағылған күйеден арылып, көші-кон саясаты енді-енді оналып, аяғын қалт-құлт етіп баса бастағаны осы еді. Енді мынадай «қой терісін жамылып», арам пиғылын іске асырғысы келетіндердің әрекеті пайда болыпты. Бұл шынымен заңсыздық. «Ауғанстанның 49 азаматы «оралман» атын жамылып Қазақстан азаматтығын алуға ниеттенді» деген не сөз? Бұл — қылмыс. Қылмыс болғанда да ұйымдасқан қылмыс болып тұр. Мұның соңы шеттен келетін көші-қонды тұралауы мүмкін. Мұның соңы көші-конмен айналысатын құзырлы мекемелердің заңсыздыққа жол беріп отырғанын көрсетеді.

Баспасөз бетіне шыққан ресми ақпараттарға сенсек, заңсыз көші-конмен айналысқандар еліміздің 85 мекемесі арқылы Қытайдан адам әкелуге жұмыс істеген. Сөзімізді нақтылайтын дәлел бар. Бұл туралы өткен аптада Парламент Мәжілісі төрағасының орынбасары Владимир Божко мәселе көтерді.

Көші-кон саясаты — Қазақстанның құрғатамыры. Ұлы көшті пайдаланып ақша жасау — оңасыздық. Оңасыздық болғанда да, Отанына жасаған сатқындықпен пара-пар. Елін-жерін сүйетін, нағыз отаншыл азамат қалай ғана қолы барып мұндай «саудаға» барады? Мнмж жетпейді.

Үкімет отырысында ішкі істер министрі Қалмұханбет Қасымов «Қос азаматтығы бар 600 адам өткен жылы жауапқа тартылды» деді. Қос азаматтық деген де қылмыс.

Елбасы еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігіне көші-кон саясатының 2017-2022 жылға дейінгі кешенді бағдарламасын жасауды ұсынған болатын. Сол бағдарламаны үкімет әлі қабылдаған жоқ. Соның кесірінен, көші-кон мәселесінде олқылықтар орын алуда. Мысалы, көші-кон заңының 33-бабында «Шетелден келген қазақ студенттері жатақханаға уақытша және тұрақты тіркеуге құқылы» деп анық жазылған. Алайда жоғары оқу орындары да, көші-кон полициясы да осы бапты орындамай отыр. Бүгінде студенттер қалаған жеріне тіркелуде. Мысалы, Алматыда оқытын студент Талдықорғанға, Шелекке барып тіркеліп, Қазақстан азаматтығын алуға құжат өткізеді. Мұның өзі тәртіп бұзу.



E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz

Econometr

Илияс ИСАЕВ,
экономист:

Ресейге қойылып жатқан санкция Қазақстан экономикасына міндетті түрде әсер етеді. Себебі сырттан алатын импорттымыздың 35-37 пайызы Ресейдің үлесінде. Сондай-ақ екі ел Еуразия экономикалық одағының құрамында болғаннан кейін көмір, газ, мұнай саласында ортақ меншіктеріміз бар. Екі елдің қалталы азаматтарының



мұнай, газ саласындағы кәсіпорындарда акциялары бар. Сонымен бірге Еуразия экономикалық одақ аясында екі мемлекет бірқатар өндіріс саласында бірлесіп жұмыс істейді. Көлік құрастыру саласында да бірлескен жобалар бар. Әрине, мұндай кезде санкцияның салқыны еліміздің экономикасына әсер етуі өбден ықтимал. Санкция кезінде Ресейдің АҚШ-қа экспорт көлемі қысқарады. Экспорт қысқарған соң Ресейге түсетін валюталық түсім азаяды. Сәйкесінше, кәсіпорындардың табысы төмендеп, қызметкерлері жұмыстан босатылады. Экономика бір-біріне осылай тәуелді болғандықтан, шектеудің әсері бізге де тиеді. Биыл еліміздің төртінші өнеркәсіптік революциясы деген бағдарламасы қабылданды. Онда экономиканы әртараптандыру арқылы, болашақта импорттың орнын отандық тауармен алмастыру мәселесі айтылған. Алайда импортты түгелдей алмастыру ұзақ жылдың әңгімесі. Оған ғылым, технология, техника керек. Ал оны дамыту үшін білімді жастар қажет. Қазір елімізде техника мен технологияны дамыту үшін жоғары оқу орындарында техникалық білімдерге грантты көп бөлуде. Дегенмен оларды білікті маман ретінде даярлау үшін біраз уақыт қажет. Кешегі студент, оқу бітіре сала өз саласын жетік біле қоймайды. Әзірге бізде темірден түйін түйетін маман жоқ. Екіншісі бірі экономист, журналист, заңгер. Ядролық физиканы жетік білетін қазақтың қай баласын білесіз? Жарайды, математика саласында бір-екі жігіт бар. Ядролық физика, термоядролық физика, атомдық физика салаларында

NARYQ

Тимур ТОКТАБАЕВ,
Қазақстан инвестициялар және даму вице-министрі:



Әрине, санкциялар — бұл форс-мажорлық жағдай. Алайда біз барлығымыз көрші мемлекеттермен бір экономикалық кеңістікте өмір сүреміз. Біз осыны есепке алып, түсінуіміз керек. Санкцияның экономикаға кері әсерін тигізбеуін қалаймыз. Ол үшін

аясында бұл көрсеткішті арттыруға болады. Санкциялар әзірше белгілі бір компанияларға ғана қатысты. Жалпы, ресейлік компаниялар жұмысын сәтті жүргізіп келеді. Сол себепті, бұл мәселеде қазақстандық компаниялардың қатысуын қысқартуға себеп көріп тұрған жоқпын. Әрине, тәуелсіз мемлекет ретінде мұндағы тәуекелдерді де есепке алуымыз керек. Санкциялар қалай болғанда да әсерін тигізеді. Мәселе сол әсердің қаншалықты зор болуында. Қазір барлығы шекті шамада болып отыр. Тағы бір-екі ай өтсін. Сол кезде барлығы түсінікті болады.

Максат ХАЛЫҚОВ,
экономист:



АҚШ-тың Ресейге салған санкциясынан бұл елдің экономикасы біраз тығырыққа тірелді. Әсіресе, Қор нарығы. Шектеу қойылған

компаниялардың бағалы қағазының құны төмендеп кетті. Ресей билігі сол кәсіпорындарды қалай құтқарамыз деп бас қатырып отыр. Ал АҚШ тарапы болса, мұнымен шектелмей, келесі кезекте Ресейдің банктеріне санкция саламыз деген емеурін білдірді. Ондай жағдайда еліміздегі ресейлік банктердің акциясы құлдырайтын болады. Ал Қазақстан компанияларының, банктерінің құнды қағазы осы жағдайға байланысты түсіп жатыр дегені шындыққа жанаса қоймайды. Қор нарығы болғандықтан бағаның түсуі, көтерілуі қалыпты жағдай. Алдағы уақытта инвесторлар отандық компаниялардың акцияларына қаржы салса, акция құны қайта өсуі мүмкін. Бірақ бұл санкция валюта нарығына тікелей әсерін тигізіп отыр. АҚШ-тың Ресейге салған санкциясы рубльдің құнсыздануына әкелді. Ал рубль құнсызданса, тенге де құнсызданады деген түсінік бар. Сәйкесінше, долларға сұраныс артып, теңгенің біршама арзандағанын көрдік. Бірақ теңгеге қарағанда рубль құнсызданған. Бұл тұста елімізде долларға қатысты сұраныс қатты артып кетпеуі үшін Ұлттық банк араласқан болуы керек. Енді АҚШ санкция салып жатқан соң, олардың тауары да Ресейге келмейді. Осы тұста отандық тауарларды көршілес елге неге көптеп тасымалдамасқа деген ой туындайды. Бірақ қазір рубльдің құны түскен соң, ол жаққа отандық тауарды экспортқа шығару тиімсіз. Біздің тауарлар басеккеге қабілетті бола алмайды. Оның үстіне АҚШ-тан Ресейге келетін тауарлардың тізімін қарау керек. Егер сол тізімде бізде бар дүниелер болса, нарықты жаулап алудың жолын қарастыру қажет. Себебі рубль алдағы уақытта қайта қалпына келеді.

Дайындаған Елдос ӨМІРЗАҚ

Баға



Біздегі бензиннің құны бір көтерілсе, қайта түспейді. Ұлттық экономика министрлігі статистика комитетінің мәліметіне қарағанда, қарапайым жұрттың қолы жететін АИ-92 маркалы бензиннің бағасы бір айда 1,1 пайызға өскен.

ҚЫМБАТТАЙДЫ!

Наурыз айындағы бағасы — 163,4 тенге. Ал бір жылға шаққанда 14,9 пайызға көтерілген. АИ-95/96 маркалы жанармай бір айда 0,2 пайызға қымбаттап, литрі 178,2 тенгеден саудалануда. Жылдық өсімі 15,2 пайызды құрайды. АИ-98 маркасы бір айда 0,9, бір жылда 17 пайызға өсіпті. Қазір жанармай құю стансаларында оны 192 тенгеден табасыз. Бензиннен дизель отыны да қалысар емес. Наурыз айындағы баға 162 тенгеге жетті. Қайта қыстық дизель отыны арзандапты. 2016 жылы 210 тенгеден болса, 2017 жылы 170 тенгеден саудаланды. Ал энергетика министрі Канат Бозымбаев алдағы күндері бензин бағасы түсуі мүмкін екенін айтты. Себебі бүгінде жанар-жағармай артығымен бар екен.



Дереккөзі: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті

Салық

Еліміздегі өзін-өзі жұмыспен қамтитындарға салық төлеу мәселесі былтырдан бері «жыр» болып еді. Енді соны «өгізді

де өлтірмей, арбаны да сыңдырмай» шешудің жолы табылған сияқты. Осы аптада Ұлттық экономика министрі Тимур Сүлейменов Бірыңғай жинақ төлемі енгізілуі мүмкін екенін мәлімдеді.



«Жаңа салық режимі жеке тұлғаларға қызмет көрсететін жеке тұлғаларға арналған», — дейді министр. Әрине, естіген құлаққа бір түрлі естілгенмен, қарапайым тілмен мұны басқаша түсіндіру мүмкін емес.

Соңғы мәлімет бойынша, қазір 2,5 миллиондай адам өзін-өзі қамтитындар қатарында. Олардың өзі екі топқа бөлінеді. Бірі — табысы күнкөріс деңгейінен, яғни 28 мың теңгеден асатындар. Екінші топтағылардың табысы күнкөріс деңгейінен кем. Былтырғы жылы есеп-қисабын жүргізген мамандардың сөзіне сенсек, өзін-өзі қамтушылардың 92 пайызының табысы 100 000 теңгеге жетпейді. Көбінің тапқаны 60 000 теңгенің ар жақ, бер жағында. Осы кезге дейін зейнетақы жарнасын төлемей келгендер медициналық сақтандыру жүйесі енгізілгенде қиындық көретіні белгілі. Жаңадан енгізілетін салық төлемі ең алдымен осы түйткілді шешуге арналған.

«КӨЛЕҢКЕДЕН» ШЫҒАРУДЫҢ ОҢТАЙЛЫ ТӘСІЛІ

Сөйтіп Бірыңғай жинақ төлемі (БЖТ) былайша бөлінеді: жеке табыс салығы — 10 пайыз, міндетті зейнетақы жарнасы — 40 пайыз, мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына — 10 пайыз, медициналық әлеуметтік сақтандыру қорына — 40 пайыз.

Жылдық табысы 100 ең төменгі жалақы мөлшерінен аспайтын жеке тұлға БЖТ төлейді. Таратып айтсақ, биылғы ең төменгі жалақы — 28 284 теңге. Оны 100-ге көбейтсек, 2 828 400 теңге шығады. Демек жылдық табысы осы сомадан аспайтын адам Бірыңғай жинақ төлемі режимімен салық төлейді. Бұл үшін тіркелудің де қажеті жоқ. Төлемді банк немесе терминал арқылы жасауға болады. БЖТ жеке тұлғаның тіркелген мекен-жайы бойынша төленеді. Салық кезеңі — бір ай, яғни айына бір рет.

БЖТ төлеушілерге қойылатын талап мынадай:

- 1. Жалдамалы жұмысшының еңбегін пайдаланбайды;
- 2. Тек қана жеке тұлғаларға қызмет көрсетеді;
- 3. Сауда нысандары мен базарда коммерциялық стационарлық орны жоқ;



- 4. Жылдық табысы 100 ең төменгі жалақы мөлшерінен аспайды;
- 5. Еліміздің аумағында тұрақты мекендейтін және оралмандардан басқа шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар БЖТ төлеушілер қатарына кірмейді;
- 6. Жеке қосалқы шаруашылықтан алынатын өнімнің артығын жеке адамдарға сататындар.

БЖТ мөлшері қаладағылар үшін — 1 АЕК (биыл — 2405 теңге), ауыл тұрғындарына — 0,3 АЕК (722 теңге). Жеке табыс салығы, зейнетақы жарнасы, әлеуметтік және медициналық сақтандыру жарнасы түгелдей осы соманың ішінде.

Төлемді тіпті sms арқылы да жүзеге асыруға болады. Төлем жасалған кезде жеке кәсіпкер ретінде автоматты түрде тіркеледі. Ешқайда барудың қажеті жоқ. Ал төлем жасалмаса, жеке кәсіпкердің жұмысы тоқтатын білдіреді.

Егер де осы БЖТ қолдау тапса, Салық кодексіне енгізіледі. Әлбетте, өзін-өзі қамтитындарға салынатын салық мөлшері барынша төмендетілген. Бірақ қазірдің өзінде оған қарсы пікір білдіріп жатқандар жетерлік. Сондықтан БЖТ енгізілмей тұрып, жұрт арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу керек.

Еске түсірсек, былтыр мекен-жайға уақытша тіркеу ережесін енгізудің нәтижесінде пәтерін жалға беріп отырған талай адам жеке кәсіпкер ретінде автоматты түрде тіркеледі. Көпшілік заңды бұзғаннан гөрі тып-тыныш салық төлегенді жөн көрді. Оның да мөлшері соншалықты көп емес. Әрі жалға берушінің нақты табысы қатан қадағаланбайды. Өзін-өзі қамтитындарға да сондай еркіндік берілетіні сөзсіз. Мәселен, хабарландыру арқылы қызмет көрсететін сантехниктің бір айда қанша қранды жөндегенін кім есептейді?

Сондықтан Бірыңғай жинақ төлемін енгізуді салық мәдениетін көтеруге жасалған тағы бір қадам деп білуіміз керек.

Гүлнар АХМЕТОВА

Сыр-сұхбат

Қазіргі ән де, өнші де инкубатордан шыққандай. Бір-біріне қатты ұқсайды. Мұны біз емес, өнерде жүрген мүйіз қарағайдай өнші-сазгерлердің өзі айтып отыр. Біздің қонағымыз Қазақстанның халық әртісі Мақпал Жүнісова да өң-түсі бір-бірінен аумамайтын өншілер мен ғұмыры аз күндік өндердің көп екенін растады. Өңгіме-сұхбатымыз өнер тақырыбының ойлы-шұңқырын түгел аралады.

ШӘМШІНІ БІЛМЕЙТІНДЕР БАР

Жас казак: Мақпал ханым, сізден сұхбат алу әкімді ұстаудан да қиын болып кетті ғой...

М.Жүнісова: *(Рахаттанып күліп алды).* Негізі мен қолжетімді өншімін. Бірақ биыл жыл басталмай жатып бірнеше газет-журналға сұхбатым шығып, өзімше жұлдыз болып кеттім. Жұрт «Мақпалдан басқа өнші жоқ па?» деп айтпасын, араға уақыт салайын» дегенім ғой. Сізге сұхбат беруді созып жібергенім сол.

Жас казак: Сізді неге іздеді? Қазір өнерде жүрген өзіңіздің іні-сіңлілеріңіз қазақтың әнін мүлде өзгертіп жіберді. Солардың ақ-қарасын сізден сұрайық делдік. Мысалы,

телеарналардан берілетін шетелдің музыкасы кінәлі. Екіншіден, қазір интернеттің заманы. Кезінде неге қазақ әуенінің қаймағы бұзылмады?! Шетел музыкасын тындамайтынбыз. Ал интернет келгеннен кейін, әркім өз қалағанын алып жатыр. «Сен неге шет тілде ән айтып жатысың?» деп мен біреуге кінә таға алмаймын ғой. Құқығым жоқ. Қазақ өнері үшін қызмет ететін өншілер көп болса, жақсы болар еді. Біз сонымыздан ерген ұрпаққа ұлы композиторларымыздың әнін мұра етіп қалдыруды парызымыз деп есептеуіміз керек. Басқа ұлттың әнін жарнамалау дұрыс па, бұрыс па, оны ойланған жөн.

Жас казак: Жасыратыны жоқ, эстрадала жүрген жастардың кеудесі Алатаудай аскақ. Кеше ғана өнерге келіп, әнін компьютермен жасап алып, шалқақтап жүргендері бар. Бұл мінез бе, әлде тәрбиенің таяздығы ма?

М.Жүнісова: Айту қиын... Мен сізге өкініштен бармақ тістейтін бір өңгіме айтатын. Осы ғасырда, бұдан он-жиырма жыл бұрын өмірден озған өнші-композиторлардың: Шәмші Қалдаяқов, Әсет Бейсеуовтың кім екенін білмейтін жас өншілер өсіп келеді. «91» тобының жетекшісі Ерболат Беделханның бір сұхбатын көріп, жағамды ұстадым. Журналист Шөкен Аймановтың суретін көрсетті. «Танисыз ба?» деп сұрады. «Білмеймін» дейді. Биші Шара Жиенқұлованың суретін көрсетті. Танымалды. Бұлар танымаса, басқаларға өкпе жоқ шығар. Ерболат Беделханның насихаттап жүргені біздің ұлттың музыкасы емес. Толық

залды жинайтын жанкүйері бар. Мен оны жоққа шығармаймын. Топтағы жігіттердің дауысы, дарыны жоқ деп те айта алмаймын. Бірақ шетелдің музыкалық жанрын жаңғыртып, соларға атсалысып, қазақтың жастарын басқа халықтың әуенімен, мінезімен тәрбиелеп жатыр. Кореядағы өншілердің көшірмесі. Тепсе темір үзетін қазақтың жігіттері шашын әртүрлі түске бояп, құлағына сырға тағып жүр. Оларға еліктеп жүрген жастарымыз өте көп. 91-топ жаман десен, жағанды жыртады.

ҰЛЫЛАР ҰСАҚТАҒАН ЗАМАН

Жас казак: «Хайп» жасайтын эстрада жұлдыздары пайда болды. Сіздің ойыңызды білсек деп едік, осы «хайп» деген не: ат шығару ма, арсыздық па?

М.Жүнісова: «Хайп» жасап жүрген жігіттердің ісін дұрыс деп санамаймын. Ат шығару үшін, қыздарды сабап, өзін батыр деп есептейді екен. Ол нағандық, тәрбиесіздіктің ең төмен түрі. Жезөкше қыздары ма, әлде өз әйелін ба, біреулерді сабап, «хайп» жасап жүрген Жан Ахмадиев деген жігіт емес пе?! Бұрын сол Жан Ахмадиевтің бір сұхбатында болғам. Сұхбат шыққаннан кейін қарасам, толық өңгімені жарияламай, басындағы екі сөзін алып, оған сонынан екі сөз қосып, ойымды өзгертіп, YouTube каналына салып қойыпты. Сол кезде Жанға қатты ренжігенім бар. «Мұның не?» десем, анау-мынау деп мінгірлейді. Оның алдында ғана Жан бір клипін парақшама салып, насихаттауымды өтінген еді. Маған ұнамады, келіспедім. Не сұмдық? «Зың-зың» деп, жалаңаш қыздарды көрсетіп жүр. Не тәрбие ол? Соны бөліспегенім үшін мені жек көріп, маскаралағысы келді ме екен деп ойладым. Бірақ жуырда бір концертте әлгі Жан гүл әкеліп, менен кешірім сұрап кетті. Жасырып қайтсем, хайп жасап жүрген әртістер көп. Оны бұрынғылар «Атын шықпаса, жер өрте» деген бір ауыз сөзбен түйіндеген ғой.

Жас казак: Бүгінгі жастар кешегі Күләш Байсейітова, Роза Бағланова сынды апаларымызды білмейді деп отырсыз. «Біраз жылдардан соң мен де ұмыт болармын» деген қорқыныш жоқ па сізге?

М.Жүнісова: Өзім барда, тірі кезімде ұмытыла қоймаспын. Роза апаларым сияқты дүниеден көзім кеткеннен кейін, бәлкім, ұмытылатын шығармын? Роза, Күләш апаларымнан өзімді биікпін деп есептеймін. Олардың қасында біз кімбіз? Бірақ қазір бұрынғы ұлы туғаларға жүке жағу деген жаман мінез пайда болды біздің қоғамда. Мәселен, қазаққа біткен жақсыларымыз бірін-бірі даттап жатқан заман болды қазір. Ұлы адамның ұлылығын

айтпайды. Өздерін ұлы адаммын деп жүрген азаматтар бұрынғылардың мінін іздеп, тіршілікте болып жатқан ұсақ-түйек өңгімені соларға теліп жатқан уақыт қазір. Мен оны қазақ ұлтына жасалған сатқындық деп есептеймін.

Жас казак: Бүгінгі өншіге нота білу, музыкалық білім алу керек емес. Компьютермен жұлдыз болу оңай деген пікір қалыптасты. Осыған не айтасыз?

М.Жүнісова: Компьютердің көмегімен сахнаға шыққан өншілер ұзаққа бармайды. Музыкалық білімі болу да міндетті емес. Саусақпен санарлық адамдарда Алладан берген дарын деген қасиет болады. Талай мұра қалдырып кеткен сал-сері, жырауларымыз да нота таныған жоқ. Ал егер киелі сахнаға шығып, өнер жолына түссе, ары қарай сауатын ашуы — міндеті.

Жас казак: Қазір бір күнде бір емес, екі ән жаза салатын композиторлар пайда болыпты. Тіпті 3000 ән жазған өнші-сазгерлерді естіп жүрміз. Нұрлан Еспанов деген өнші-сазгердің де әнінің саны көп дейді. Бұлардың таудай тасыған таланты қайдан пайда болып жатыр? Сіз көзін көрген бұрынғы Әсет Бейсеуов ағаларымыз әнді қалай жазатын еді: отыра салып осылар сияқты төгілетін бе еді?

ÖNER

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Бір өннен екі нота ұрлап, басқа өннен тағы екі нота ұрлап, оларды құрастырып, композитор болып жүр. Олар өздерінің өнін меншіктеп, композиторлар одағынан өткізіп, бекітіп алады... Үлкендерді қайтсін олар? Бәрі шетінен ұлы композитор, ұлы орындаушы болып алған. Тіпті, олар кейде біз сияқты халық әртістерінің өзін танымай қалады.

кейін ғана қолы жететін. Ал қазір қалай? Бір бейнебаянмен, бір-ақ күнде Республика сарайында жүреді.

М.Жүнісова: Жұлдызды «жұлдыз» ететін де телеарна мен радио. Өз басым «Қазак радиосы» мен «Шалкар радиосын» ғана тындаймын.

«Қазак радиосынан» Роза Бағланова, Мәдина Ерәлиева, Жамал Омарова апаларымның дауысын естисем, қуанып қаламын! Ал қазіргі жұлдыздарды телеарна мен радиолардағы сіздің әріптестеріңіз «Эстраданың жарық жұлдыздары. Қазақстан шоу бизнесінің шолпан жұлдызы» деп таныстырады, солай хабарлайды. Ал оны тындаған жастар сол

араласып тұрды. Қазір де өте жақын араласамыз. Той-томалақ, қуаныштарына шақырады. Қонақ болып та, өнші ретінде де кез келген шақыруынан қалмаймын. Өнші болған соң, артыңнан неше түрлі өсек ереді екен. Қазір оның бәрін айттып, көңілі-күйімді бұзғым келмейді.

Жас казак: Сізді шетелдерге қонақты ақша төлеп тойларға, концерттерге шақыра ма? Бардыңыз ба?

М.Жүнісова: Шақыртулар келеді. Бірақ өзім бас тартамын. Қонақты қаражат емес, 10 мың доллардың ар жақ-бер жағы. Оны елімізден де табуға болады. Бір жағынан қызым жалғыз болған

соң, ұзақ уақытқа кете алмаймын. Аптасына үш күнге гастрольге кетуім мүмкін. Ол кезде әпкелеріме «Мерейді сабақтан алып, тамағын беріп, қарайласып тұрындар» деп тапсырамын. Жеке күтушіміз жоқ. Өз басым ондайды құтпаймын. Үйде бөтен адамның жүргенін қаламаймын. Екіншіден, қызыма тәрбиені өзім бергім келеді. Қызым үшін жауап беретін — менмін. Бөтен біреуге сеніп тапсыра алмаймын. Халыққа еңбек етіп жүрген әртістер ылғи іссапармен айлап-жылдап алыста жүреді. Балаларын біреуге тапсырып кетіп жатады. Соның кесірінен ауру болып, тіпті балалары жетілмей қалғандарын да естіп жатамын. Сондықтан, Мерейімді көзімнің қарашығындай қорғап, тәрбиені өзім беріп отырмын. Көп уақытқа бір жаққа кетіп қалғандымыз қызым да ұната бермейді. Шанырағымызда у-шу отырыс жасау бізде мүлдем болмаған. Үйдегі

Мақпал ЖҮНИСОВА:

НОТА ҰРЛАП, ӘУЕН ҚҰРАП, ӘН ЖАЗАТЫНДАР БАР

жалды жинайтын жанкүйері бар. Мен оны жоққа шығармаймын. Топтағы жігіттердің дауысы, дарыны жоқ деп те айта алмаймын. Бірақ шетелдің музыкалық жанрын жаңғыртып, соларға атсалысып, қазақтың жастарын басқа халықтың әуенімен, мінезімен тәрбиелеп жатыр. Кореядағы өншілердің көшірмесі. Тепсе темір үзетін қазақтың жігіттері шашын әртүрлі түске бояп, құлағына сырға тағып жүр. Оларға еліктеп жүрген жастарымыз өте көп. 91-топ жаман десен, жағанды жыртады.

ҰЛЫЛАР ҰСАҚТАҒАН ЗАМАН

Жас казак: «Хайп» жасайтын эстрада жұлдыздары пайда болды. Сіздің ойыңызды білсек деп едік, осы «хайп» деген не: ат шығару ма, арсыздық па?

М.Жүнісова: «Хайп» жасап жүрген жігіттердің ісін дұрыс деп санамаймын. Ат шығару үшін, қыздарды сабап, өзін батыр деп есептейді екен. Ол нағандық, тәрбиесіздіктің ең төмен түрі. Жезөкше қыздары ма, әлде өз әйелін ба, біреулерді сабап, «хайп» жасап жүрген Жан Ахмадиев деген жігіт емес пе?! Бұрын сол Жан Ахмадиевтің бір сұхбатында болғам. Сұхбат шыққаннан кейін қарасам, толық өңгімені жарияламай, басындағы екі сөзін алып, оған сонынан екі сөз қосып, ойымды өзгертіп, YouTube каналына салып қойыпты. Сол кезде Жанға қатты ренжігенім бар. «Мұның не?» десем, анау-мынау деп мінгірлейді. Оның алдында ғана Жан бір клипін парақшама салып, насихаттауымды өтінген еді. Маған ұнамады, келіспедім. Не сұмдық? «Зың-зың» деп, жалаңаш қыздарды көрсетіп жүр. Не тәрбие ол? Соны бөліспегенім үшін мені жек көріп, маскаралағысы келді ме екен деп ойладым. Бірақ жуырда бір концертте әлгі Жан гүл әкеліп, менен кешірім сұрап кетті. Жасырып қайтсем, хайп жасап жүрген әртістер көп. Оны бұрынғылар «Атын шықпаса, жер өрте» деген бір ауыз сөзбен түйіндеген ғой.

Жас казак: Бүгінгі жастар кешегі Күләш Байсейітова, Роза Бағланова сынды апаларымызды білмейді деп отырсыз. «Біраз жылдардан соң мен де ұмыт болармын» деген қорқыныш жоқ па сізге?

М.Жүнісова: Өзім барда, тірі кезімде ұмытыла қоймаспын. Роза апаларым сияқты дүниеден көзім кеткеннен кейін, бәлкім, ұмытылатын шығармын? Роза, Күләш апаларымнан өзімді биікпін деп есептеймін. Олардың қасында біз кімбіз? Бірақ қазір бұрынғы ұлы туғаларға жүке жағу деген жаман мінез пайда болды біздің қоғамда. Мәселен, қазаққа біткен жақсыларымыз бірін-бірі даттап жатқан заман болды қазір. Ұлы адамның ұлылығын

М.Жүнісова: Маған ренжімесін, бірақ мен Нұрланды ұлы композитор деп санамаймын. Ұлы композитор болса, біз бір әнін айтуымыз керек еді. Компьютер заманы деп айтып кеттік қой. Бұл да бір есірткі сияқты. Әнді әр түрлі әуенмен, дыбыспен әрлегенде, композитордың өзі әнін танымай қалады. Мен көбінесе өнімді сөзі үшін түсіп қаламын. Өлең сөзі маған ұнады ма, мен айтуым керек. Ал өнім өзім әр түрлі пірім, ырақпен құлпыттып жіберемін.

Қазір ешқандай аспапта ойнай алмайтын композитор да бар. Бір әуен басында ынылдап жүреді олардың, «мына әнді жазып алындаршы» дейтін сондай адамдар бар. Кейбірі бір өннен екі нота ұрлап, басқа өннен тағы екі нота ұрлап, оларды құрастырып, композитор болып жүр. Олар өздерінің өнін меншіктеп, композиторлар одағынан өткізіп, бекітіп алады. Өндердің ұқсастығынан көптеген талас-тартыс туындап жатыр. Бұл туралы өңгіме айтсақ, сұхбатымыз бүгін бітпейді.

Жас казак: Мысалы, Қайрат Нұртас пен Ернар Айдарға ән жазып жүрген ортақ композитор бар сияқты. Өндері өте ұқсас. Бір темппен жазылғандай.

М.Жүнісова: Иә, онының рас. Қайрат пен Ернардың кінәсі жоқ. Олар кез келген әнді жүрекпен орындайды. Өздерінің орындаушылық мәнерімен жастарды жаулап жатыр. Жазып жатқан композиторлар ойлану керек.

АЙЛЫҒЫМ КӨЙЛЕГІМЕ ЖЕТПЕЙДІ

Жас казак: Бұрынғы ұлы композиторлардан кіммен жұмыс істедіңіз?

М.Жүнісова: Әсет Бейсеуовпен тығыз байланыста болдым. Ол кісі бір жақсы ән жазды ма, жарым түн болсын, күн болсын, хабарласа беретін. «Мақпалжан, Заманбек үйде ме? Менде ән туды. Ертең екеуің келіп шай ішіп кетіңдер» дейтін. Керемет ән жазғаны дауысынан білініп тұрады. Балаша қуанатын. Маған жазған өндерін мен бірден ұнаттым. Жақында бір жастардың сұхбатын оқыдым. «Неге өнімнің сөзін өздерің жазасындар?» деген сұраққа жауап беріп жатыр. «Ақындарға барсақ, бізден ақша сұрайды. Сол себепті өзіміз жазамыз» дейді. «Өлген ақындар ақша сұрамайтын шығар?» дедім. Өмірден өтіп кеткен қанша ұлы ақындарымыз бар. Мысалы, мен ақындардың кітабын ақтарып отырып, композиторларға өлең сөзін өзім беріп, ән жаздырамын. Ондай жағдайлар көп болды.

Жас казак: Бұрынғы өншілер сатылап өсуші еді. Ауыл-ауданды аралап концерт беретін. Республика сарайында жеке кешін өткізу деген бақытқа біраз жылғы еңбектен

күйінде қабылдайды. Жалған жұлдыздар өздерінің тыңдарманын жинап алғаннан кейін, 3000 адамды концертіне шақыру қиын емес. Көптеген каналдардан күні-түні жарнамалай берсе, ол жұлдыз болмай, кім жұлдыз болады?! Үлкендерді қайтсін олар? Бәрі шетінен ұлы композитор, ұлы орындаушы болып алған. Тіпті, олар кейде біз сияқты халық әртістерінің өзін танымай қалады.

Жас казак: Өншілер үшін той — тіршілік көзіне айналған бизнес. Сіз туралы да алуан өңгіме бар: «Мақпалға 3000 доллар бермесен тойға бармайды» дейді. Осы рас па?

М.Жүнісова: Жок. Мен кейде тегін де барамын. Бірақ Мақпал Жүнісова бәріне жетпейді ғой. Сіз айтыңызшы «Мақпал Жүнісова тойға тегін келеді екен» деп. Ертең менің үйімнің жанында жүз адам тұрады. «Құстар ғана тегін ән салады» деген орыстың

тоназытқышта арақ-шарап деген өмірі тұрмайды. Егерде отырыс жасап, бас қосуға тура келсе, арнайы мейрамханаға құрметтеп шақырамын. Қонақтарың көңілі қалағанды ішіп-жеп қайтады. Жалпы, мен Зәкеннің шанырағында апыр-топыр жасамаған адаммын.

ТӨРЕҒАЛИДЫ МЕН ШЫҒАРДЫМ

Жас казак: Өнерде жүрсіз ғой. Атын атап, түсін түстемей-ақ қойыңыз! Қазак эстрада өнерінде жүрген сұлу қыздардың көбі байлардың, дөкейлердің көңілдегі, тоқалы деген сөз бар. Тіпті, жас жігіттердің өз қалталы өйелдердің «көлігі» жүргізеді, сөмкесін көтеріп жүреді дейді. Осы рас па?

М.Жүнісова: Осы өңгіме туралы мен сізге сұрақ қойғым келеді. Өзіңіз айтқан көкелеріңіз арқасында шығып жүрген, өнші

болуға тұрмайтын қыздар болса, неге осыны ашып, елге көрсетіп жазбайсыздар? Атын атап, түсін түстеп, айыбын өшкере етіп жазсақ, мүмкін сол кезде азаптың шығар? Бұл жөнінде толық айту үшін, мен күнде оларды аңдуым керек. Олар кіммен жүреді, ақшаны қайдан тауып жатыр? Өзінің дауысы ма, әлде компьютермен өңдеп алған ба, осының бәрін зерттеуім қажет. Бұл негізгі маскарға жағдай ғой.

Маған да «құда түскендер» болды. «Сіз маған өнші ретінде қатты ұнайсыз. Сіздің директорыңыз болғым келеді» деп біраз жігіттер телефон арқылы хабарласты. «Қарағамы, әзірге аяқ-қолым сау, көмегіне зәру емеспін. Жүріп тұра аламын. Қартайған шағымда қажет болып жатсаң, шақырармын» дедім. Анығын айтқанда, өзімнің де бауырларым бар. Біреудің көмегіне тәуелді болып қалсам, солар-ақ қарайласады. Бірақ сіз айтқан «қорқынышты» өңгімені естімеппін. Өнер адамдарымен араласып, өсек тындауға уақытым жоқ.

Сұхбатымыздың басында айтып өткенімдей, уақытша келген өншілердің ғұмыры да ұзаққа бара бермейді. Біреулер ақшамен демеп, тиынның күшімен шетелге шығып, таланттымен танылып жүргендер бар. Ал талантсыздардың күймейтін тесігі жоқ. Олар туралы сөз бөлек...

Біз кейде өн өңдеу жағынан көмектесіп, тіпті концертке де шығарып жібереміз. Мысалы, Төреғалиды ең алғаш сахнаға шығарған менмін. Алғаш үлкен сахнаға менің концертімде шықты. Нұрболат Абдуллинді де «Азия Дауысына» шығарған мен болатынымын. Айтсаң, мына жұрт «Мақпал мақтанды» дейтін шығар? «Адам болар баланың бетінен қақпа, белін бу!» дейді ғой. Біздікі де артымыздан ерген, талантты бар балалардың белін буып, ақ жол тілеген үлкендіміз!

Жас казак: Уақыт тауып, бізге сұхбат бергеніңізге көп рахмет!

Сұхбаттасқан Жарас КЕМЕЛЖАН

«Жок, жок», «Иә ма, Иә ма?» деген мәңсіз мәтін мен шетелдің музыкасына сөз жазып айтатын жұлдыздар бар. Бұл қазақ эстрадасының жетістігі ме, әлде кері кетуі ме?

М.Жүнісова: Мен өнерде жүрген сіңлі-інілеріме көрген жерде айттып жүрмін. Қазақ болған соң қазақ әнінің мәртебесін көтеріміз қажет деп. Қазақтың әні кімнің өнінен кем?! Жеріміз қанша кең болғанымен, қазақ халқының саны аз екенін ұмытпауымыз керек. Жастарымыздың көпшілігі шетелге әуес. Ол жастардың кінәсі емес. Жастарды солай тәрбиелеп жатқан





Берекелі бастама

Алматы облысында «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында 2017 жылы 1 млн адамды қамтыған 8 мың шара ұйымдастырылды. Бюджеті 25,8 млрд теңге болатын 319 ірі жобаның реестрі жасалды. Бір ғана «Туған жер» жобасы аясында құны 10,5 млрд теңге болатын 218 жоба жүзеге асырылса, соның 6,6 млрд теңгелік 90 жобасы аяқталды. Биыл «Рухани жаңғыру» бағдарламасы шеңберінде құны 6 млрд теңгеге жуықтайтын 159 ірі жобаның реестрі әзірленді. Сонымен қатар елімізде тұңғыш рет «Рухани жаңғырту» орталығы Талдықорғанда бой көтеріп, іске қосылды. Айта кетерлігі, «Рухани жаңғыру» орталығы облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясының құзырында жұмыс істейтін болды. Мұның да өзіндік себебі бар. Облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясы өңірдегі этнос өкілдерінің басын біріктіріп, олардың жасампаздығын жандандырып, өлімді өркендету үшін жемісті еңбек етіп келе жатқан ұйым. Расында бұл орталықта атқарылатын жұмыс та ауқымды. Онда өңірде «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында атқарылған жұмыстар жоспарланып, жүйеленіп, жинақталып, сараланады. Осы ретте облыстық ҚХА төрағасының бірінші орынбасары, хатшылық меңгерушісі Ғабит Тұрсынбаймен кездесіп, көкейде жүрген біраз сұрағымызға жауап алдық.

«Рухани жаңғыру» орталығы Талдықорғанның көрікті жері «Жастар» саябағы орналасқан аймақтан орын алды. Аталған ғимаратта жобаның толықтай жабдықталған өңірлік кеңсесі бар. Мұнда бағдарламаға байланысты ұсыныстар талқыланып, идеяларды жүзеге асыру жоспарлары түзіледі. Өзіндік келбеті бар тамаша кешеннің ішінде кеңсе кабинеттері, музей залы және кен де жарық мәжіліс бөлмесі бар. Қабырғадағы паннода Ұлы Жібек жолы мен өңірдегі киелі орындар бейнеленген. Экспонаттар әзірге көп емес. Бірақ келешекте олардың қатары құнды мұралармен толықатын болады. Облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясы төрағасының бірінші орынбасары, хатшылық меңгерушісі Ғ.Тұрсынбай «Осы жерге келіп, облысымыздың тыныс-тіршілігімен танысамын деген адамға арнайы кітап, видеоматериал, бейнетаспаға түсірілген, аудиотаспаға жазылған және басқа да мәліметтерді кез келген уақытта ұсына алады. Қызметкерлердің штат кестесі толық жабдықталған. Бұл жерде тарихшы, филолог, тағы басқа саланың ғалымдары да жұмыс істейді. Олар менеджерлер арқылы жинақталған материалдарды қарап, «Рухани жаңғыру» бағдарламасымен үйлестіріп отырады және жана идеяларды іске асырады. Қазір мұнда 325 жоба жүзеге асырылуда. Оның ішінде «Тәрбие және білім» кіші бағдарламасы бойынша 59 жоба, «Рухани қазына» кіші бағдарламасы бойынша 39 жоба және «Атамекен» кіші бағдарламасы бойынша 119 жоба жоспарланған. Келешекте атқарылатын жұмыстар ауқымды болмақ.



ЖАҢҒЫРУ
ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
ЖАҢАЛЫҒЫ

Жоспар бойынша белгілі журналистер мен блогерлердің шеберлік сыныптарын ұйымдастыру, жана кітаптардың тұсаукесер рәсімдерін өткізу және Жетісу өңірі бойынша экспедицияларға, пресс-турларға шығу кестелері жасалады», – дейді Айта кетерлігі, орталықтың жанынан құрылған комиссияның құрамында жергілікті атқарушы мекемелер, шығармашылық және ғылыми интеллигенциясы, үкіметтік емес сектор мен бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінен алты жұмыс тобы жасақталған. Өңірлік басқарушы және сараптау кеңесі, жұмыс тобының хатшылығы құрылған. Облыс тұрғындарын бағдарламаның жүргізілуі туралы мерзімінде және кешенді ақпараттандыру үшін бейресми ұйымдардың қатысуымен әр түрлі форматта шаралар өткізілуде. Сарапшылар мен қоғамдық пікір көшбасшыларымен, Қоғамдық кеңес мүшелерімен өзара бірлесіп жұмыс істеуі үшін пікірлесу алаңы ұйымдастырылыпты. Осындай тыңғылықты дайындықтың нәтижесінде бүгінге дейін бағдарламаны жүзеге асыру аясында 8 мыңнан астам іс-шара ұйымдастырылып, 1 млн адамның қатысуымен 200 жоба атқарылған. Облыстың барлық аймақтарын қамтыған «Рухани керуен» жобасы ерекше орын алды. Нәтижесінде жастардың ата-бабаларымыздың дәстүріне, тарихи құндылықтарға деген қызығушылығы пайда болды. Өңірдің киелі жерлерінен 15 жана өлкетану бағыттары жасалып, «Жетісу географиялық қоғамы» құрылды. Туризмді насихаттау үшін Жетісудың скретч-картасы жасалды. Келуші туристердің логистикасын жеңілдететін навигациялық QR код-сілтемелер қойылды. Ішкі туризм нысандарын бәсекеге қабілетті инфрақұрылыммен, логистикамен қамтамасыз ету жұмыстары жалғасуда.

– «Саналы азамат» базалық бағыты бойынша «Балалар үйісіз Жетісу» жобасын жүзеге асыру мақсатында БАҚ беттерінде «Балалар үйісіз Жетісу», «Балалар үйінен тыс өмір», «Отбасы үлгісіндегі балалар үйі туралы нені білу керек?», «Патриоттық тәрбие туралы» тақырыбындағы мақалалар жарияланды. «Отаным – тағдырым» кіші бағдарламасының «Сөз – тілдің көркі» атты арнайы жобасы бойынша жалпы орта білім беретін мектеп оқушылары мен техникалық және кәсіптік білім беру мекемелерінің студенттері арасында «Рухани жаңғыру, туған жер» атты шығарма байқауы өткізілді. «Кітап – білім бұлағы» жобасы аясында Буккроссинг «Жетісу – кітапқұмарлар Буккроссинг» атты еркін кітап алмасу жобасы жүзеге асырылуда. Қазіргі кезде ол Ақсу, Талғар, Ұйғыр, Жамбыл, Көксу аудандарында және Қапшағай, Текелі қалаларында ашылып, жұмыс жүргізуде. Өткен жылдың күзінде «Жетісу – жыр керуені» атауымен көпшілікке жол тартқан Челлендж жобасы жалғасын тауып, интернет қолданушыларының қызығушылығын арттыруда. Осы ретте, наурыздың 4 күні Талдықорған қаласында латын әліпбиін қолдау аясында өткен автофлешмобты айта кеткен жөн. Шараға «BMB», «Mercedes», «Lada Priora» клубтарының еріктілері қатысып, көліктерімен латын әліпбиінде «TALDYQORGHAN» сөзі жазылды. Оған 91 автокөлік қатысты. Осы орайда, бағдарлама аясында ұсынылған мәдени-танымдық кештер, ғылыми-тәжірибелік конференция ұйымдастырылып, өзге ұлт өкілдерінің салт-дәстүрі бейнеленген көрмелер,

сахналық қойылым көрсетілді», – дейді Ғ.Тұрсынбай. «Тәрбие және білім» кіші бағдарламасы аясында Жетісу мемлекеттік университетінде «Қоғамдық сананы жаңғырту» жана пәні және «Жетісу тарихы» элективті курсы енгізілді. Облыстық білім басқармасы 2017 – 2022 жылдарға жалпы сомасы 877,2 млн теңге болатын 37 жобаны жүзеге асыруды жоспарлаған. «Алматы кітап» баспасына 5–7-сынып оқушыларына арналған «Өлкетану» оқулығының макет-жобасы жолданды. Онда Алматы облысының тарихи, мәдени мұрасы көрсетілген. Сараптамадан өткен соң, тамыз айына дейін 107 мың данамен шығаруды көздеп отыр. Өткен жылы «Атамекен» кіші бағдарламасын іске асыру шеңберінде жалпы сомасы 10,5 млрд теңге болатын 218 әлеуметтік жоба жоспарланған. Оның 90-ы жүзеге асырылды. «Атамекен» кіші бағдарламасының негізгі жобалары демеушілер тарапынан жүргізілуде. «Рухани қазына» кіші бағдарламасы аясында алдағы үш жылда 243 мәдени нысанда күрделі жөндеу жұмыстары өтеді. Оған 13 млрд теңге жұмсалады. Классик-жазушылардың және облыстың жас ақындарының 39 кітабы жарық көрді. Жастардың бастамасымен 3 мың кітап айналымы бар буккроссинг жобасы ұйымдастырылды. Бір жылда өңірлік БАҚ-та 3 мыңнан астам тақырыптық материал жарияланса, «Жетісу» телеарнасындағы жаңалықтар топтамасында мемлекеттік және орыс тілдерінде 200-ден астам телесюжет көрсетіліпті. Интернет-ресурстар



мен әлеуметтік желілерде тақырыпты материалдарды орналастыру бойынша да ауқымды жұмыстар атқарылған. Ғабит Тұрсынбайдың айтуынша, жана орталықтың жұмысын бірден дөңгелетіп әкету бастапқыда оңай болмапты. Алайда Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында айтылған міндеттер мен мақсаттарды орындауға байланысты аймақтық Сараптамалық кеңестің отырысында орталықтың жұмыс кестесі бекітілді. Бағдарламалық мақала бойынша облыстық жоспар, желілік іс-шаралар кестесі белгіленді. Осы бір жылда облыстық ҚХА-ның қатысуымен «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасы жүйелі атқарылды. Жоба аясында облыстан 312 үміткер іріктеліп, республикаға 29 адам өтті. 6 жерлесіміздің кандидатурасы El.kz сайтында орналастырылып, бүкілхалықтық дауыс беруге қатысты. Жөнімпаз атанған Елдос Баялышбаев пен Ғалымжан Алиуханов Елбасы Н.Назарбаевпен болған кездесуге қатысты. «Қазақстанның 100 жаңа есімі» ақпараттық картасы әзірленіп, оған сәйкес облыстық, аудандық және қалалық газеттерде «Қазақстанның 100 жаңа есімі», «Жетісудың азаматтары» айдарларында біздің жерлес замандастарымыздың 44 табыс тарихы жарияланып, 16 телесюжет көрсетіліп, 6 бейнеролик әзірленді. Әлеуметтік желілерде 300-ден астам жарияланым жарық көрді. Бұл бағыттағы жұмыс әлі де жалғасуда. Қазіргі таңда елімізде саяси-экономикалық, әлеуметтік және рухани жаңғыру процестері ерекше орын алуда. Осыған байланысты түрлі жоба жоспарланып, іс-шаралар кенінен ұйымдастырылуда. Үстіміздегі жылдың 15 наурызында Қазақстан

Халқы ассамблеясының жетекшілігімен жастар қозғалысының конференциясы өтті. Конференцияда «Жаңғыру жолы» атты республикалық жастар қозғалысы құрылды. 2018–2020 жылдарға арналған стратегия мен ережелер қабылданды, штаб сайланды, өңірлік үйлестірушілер тағайындалды және жұмыс жоспары келісілді. Аталған маңызды шараға І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің ғылыми-зерттеулер нәтижесін коммерциализациялау офисінің директоры, Қазақстан Халқы ассамблеясының мүшесі Дигай Дамир, «Туған тель» татар этномәдени орталығының белсендісі Руфина Усанова, «Вайнах» шешен-ингуш этномәдени орталығының белсендісі Юлия Амелина, «Видеребургт» Талдықорған неміс орталығының белсендісі Евгения Еременко және «Күміс тамыр» қытай этномәдени орталығының белсендісі Бронислав Другов, сияқты жас көшбасшыларымыз қатысып қайтты. Ал облысымызда құрылған жастар қозғалысы штабы өз жұмысын «Достық үйі – қоғамдық келісім орталығында» жүзеге асырады және бұл жана штабтық облыстық Ассамблея хатшылығы тарапынан қолдау көрсетіледі. Ғабит Тұрсынбайұлы «30 наурызда Қазақстан Халқы ассамблеясы хатшылығында үлкен отырыс өткізіліп, республикалық «Жаңғыру жолы» қозғалысының жоспары таратып берілді. Енді алдымыздағы тұрған міндеттердің бірі – осы жоспарды орындау. Сондықтан Қазақстан Халқы ассамблеясының жанынан құрылған «Жаңғыру жолы» қозғалысы, жастарға «мүмкіндіктер көзін» ашып беретініне менің еш күмәнім жоқ», – дейді.

Қазір «Рухани жаңғыру» орталығы жоспар бойынша жүйелі жұмыс істеуде. Жуырда Астана төрінде Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының бір жылдығына орай келелі жиын өтті. Республикалық маңызы бар шараға «Рухани жаңғыру» орталығында жұмыс істейтін мамандар қатысып, атқарған жұмыстарын көрсетіп, жана тәжірибелер жинап қайтты. Осы орайда, республикалық семинарға облыс делегациясын бастап барған «Атамекен» кіші бағдарламасының үйлестірушісі Ғабит Тұрсынбай өз әсерімен бөлісті: – Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласына бір жыл толуына орай Астана қаласындағы Ұлттық музейде республикалық көрме ұйымдастырылды. Мұнда бағдарлама аясында барлық өңірлерде атқарылған жұмыстардың нәтижелері таныстырылды. Көрмеге

Алматы облысында шығарылған кітаптар мен көрнекі материалдар, бейнероликтер ұсынылды. Алматы облысының көрмесіне «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында жүзеге асырылып жатқан «Рухани керуен», «Тәрбие және білім», «Туған жерге тағзым», «Рухани керуен –жастар керуені» жобалары ауқымдынағы шаралар, «Рухани жаңғыру» Талғар аудандық ақпараттық-имидж журналы және «Рухани керуен» кітабы қойылды. Жиынға Президент Әкімшілігі ішкі саясат бөлімінің меңгерушісі Аида Балаева қатысып, сөз сөйледі. Ол бұған дейін атқарылған жұмыстарды алдағы уақытта да тиімді жалғастыру қажеттігін айтты. Сонымен қатар бұл бағдарламаны халық арасында кеңінен насихаттау маңыздылығын атап көрсетті. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы қазақ халқының өткен өмірін бейнелейтін тарих және мәдениет ескерткіштері мен табиғат нысандардың көптігіне байланысты ғылыми ұжым өз жұмысын әрі қарай жалғастыра бермек. Археолог, тарихшы, этнолог, филолог, шығыстанушы және өлкетанушы ғалымдар жұмыла күш жұмсап, Елбасы бағдарламасын жүзеге асыру жолында қажырлы еңбек етуде. Бұл шаралардың барлығы қоғамдық келісім мен ынтымақтастық, татулық пен достық арқылы ғана жүзеге асатын. Қазақ халқының даналығында «Бірлік бар жерде тірлік бар» деп тегін айтылмаған. Яғни барлығымыздың арамдықта достық, тыныштық, келісім, бейбітшілік болу керек. Сонда ғана біздің мемлекетіміз дамиды және мәртебесі биіктейді.

Тағдыр

Біз сөз еткелі отырған Жәмила Бекметева – Жақып Ақбаевтан бастап, Райымжан Мәрсеков, Әміре Айтбақин, Шәріп Өтепов, Анатолий Ивановтың да балдызы. Кезінде сонау Құнанбай Өскенбайұлымен үзеңгі қағысқан әйгілі қарқаралылық көпес Халиолла Бекметевтің шөбересі. Алматы қаласында тұрады. 1975 жылы Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтын бітірген. Мамандығы – кітапханашы-библиограф.

(Жалғасы. Басы өткен санда)

ҚАЗАҚ МҮДДЕСІН ДІТТЕГЕН

Тарих тұңғығына аса тереңдемей-ақ, Алаш қауымы құрылғаннан бергі заманаларға көз жүгіртсек те, тағдыры күрделі ел екенімізді аңдайсын. Қазақтың басына ғасырларға созылған ырғын-сүргін соғыстар салған сойқанды қайталап жату артығырақ болса да, кейбір сыртқы мүдделі күштер қасақана жасаған зулымдық зардабын әлі күнге дейін тартып келе жатқанымыз ойға оралады.

Әйткенмен, ежелден еркіндік аңсаған рухы асқақ халық түрлі қысымды мойындай алмай, қолдан келгенше қарсыласып, бодандық құрсауынан құтылудың айла-шарғысын жасап бағыпты. Кейбір құжаттарда Санкт-Петербургтің ХҮІІІ-ХІХ ғасырдың өзінде мұндай «бассыздықты» аяусыз жаншып, далалықтардың сазайын тартқызу туралы дүркін-дүркін тапсырма бергені көрсетілген.

Осылайша, анау «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» қасіретінің сорлатқаны аздай, патшалық Ресей екінші жақтан үйіріп соғып, діңкелетіп бітіпті. Кескілескен шайқастардан қалған үрейден бөлек, қайта-қайта қасақана жасалған аштық жаппай қыру арқылы сананы мертіктіріп, ұлттың гендік қорын күйретеді. Әсіресе, үш жүз жылға жуық билеген озбыр империя ең шұрайлы жерлер мен қоналы көл, ком-суды тартып алып, отырықшылыққа мүмкіндік бермеген...

Бұдан соң, расында, ел қайтіп онады? Әлгі «Ұлы Қазан революциясына дейін казактың бір-екі пайызы ғана хат таныған» деп, басқыншы күштердің осы елді жабайы тобыр қатарында санауы, «хайуанның айырмашылығы шамалы, сондықтан сайлауға қатысуы былай тұрсын, сауда-саттықпен, егіншілік, диканшылық, балық аулау сияқты басқа да кәсіп түрлерімен айналысуға да мүлде хақылары жоқ; ондағы күйкалы алқаптың бәрін қалағанымызша ала береміз» деп басынуы Алаш арыстарын, тіпті, ертеректен-ақ ашындырғанын көреміз.

Әлихан Бөкейханов, Әлімхан Ермеков, Ахмет Байтұрсынов, Жақып Ақбаев бастаған серкелер осындай зорлық-зомбылыққа төзбей, 1905 жылдың маусымында қазақ халқының атынан император ІІ Николайға арналған петиция ұйымдастыралы. Сөйтіп, патша ағзамға бірнеше бөлімнен тұратын нақты талаптарын қояды. «Қарқаралы петициясы» деп аталған бұл құжаттың қысқаша нәсілі: «Біздің ежелден мал баққан көшпенді халық екеніміз рас, бірақ базбір ұлықтар оялғандай, беталды сенделіп жүрген ессіз тобыр емеспіз. Біздің де ғасырлар бойы қалыптасқан биік мәдениетіміз, лайықты салт-дәстүріміз бар; алты миллион казакты мал қатарына қосу үлкен қорлық. Озбырлықтың да шегі болу керек. Қазіргі отырған жеріміз де иесіз жатқан дала емес, ата-бабаларымыздың қанымен қорғалған атақонысымыз. Сол себепті, ояздарыңыздың жүгенсіздігіне тыйым салып, тартып алған өңірлерді өзімізге қайтарыңыз. Елдің өз ана тілінде білім алуына мүрсат беріңіз...» дегендей қағидаларды қамтыр еді.

Хат сол жылы шілденің 22-і күні жергілікті пошта-телеграф арқылы Санкт-Петербургке жөнелтіледі.

аталған төртеуге қоса халыққа кең танымал отыз сегіз адам бастаған он төрт мың бес жүз кісі қол қояды. Ал анау алдыңғы зиялы лектің ішінде Қазақ мүддесі үшін әуелден аянбай күрескен публицист Мұхаммед-Максұт Бекметов те бар еді.

Ол — сонау қапияда мерт болған Гүлшат қыздың туған ағасы-тын.

Өкініштісі, кейінгі кезде Мұхаммед-Максұттың аты петицияның көшбасшы авторлары қатарынан алынып тасталыпты. Жәмила Кәмілқызын бұл жағдай қатты күйіндіреді.

— Патша өкіметі Мұхаммед-Максұт Хамидоллаұлын 1906 жылы елді азаттыққа шақырған іс-әрекеті үшін Қазан қаласына жер аударады. Бірақ ол сонда жүріп те қазақ мүддесі жолындағы күресті тоқтатаған. Осыдан соң оны Орынборға айдапты. Бәрібір

Жәмила Бекметева



ЖӘМИЛА НЕГЕ РЕНЖІДІ? немесе АТАҚТЫ БЕКМЕТ ӘУЛЕТІ ТУРАЛЫ ҮЗІК СЫР

қаламды тастамайды. 1909 жылы Санкт-Петербургте шығатын «Речь» газетінде Семей түрмесінде азап шегіп жатқан Ахмет Байтұрсыновқа бостандық берілуін талап еткен мақаласы басылады. Сол жылы Қазанда «Қазақ өлендері» атты жинағы жарық көреді. Қысқасы, ұлты татар болса да қазақ деп жанын берген. Қуғында жүріп көз жұмғанда жиырма тоғыз-ақ жаста екен. Өмірден өштеңе көрмей кетті. Атағы дүрілдеген көпестің ұрпағы өліп жатқанында қалтасынан бес тиын шығыпты... Міне, осындай адамның біртіндеп ел жалынан ысырыла бастауы, кейінгі монографияларда аты аталауы мүлде түсініксіз, — дейді Жәмила.

Сол секілді Жәмиланың атасы Мұхаммед-Мұхтардың кенже інісі Мұхсин Бекметев те Міржақып Дулатовтың «Оян, қазақ!» деген өлеңін таратқаны үшін қудаланады. Жандарм полициясының басқармасы оны әлгі 1911 жылдан бастап қатаң бақылауға алыпты.

Мұхсин 1890 жылы Халиолланың қазақ әйелі Ғайниден туған ұл екен. Қарқаралыда гимназия, училище бітірген. Әр жылдарда Қарқаралы уездік Азық-түлік комитетінің мүшесі болады, қаладағы Атқару комитетіне сайланады. 1917 жылдың сәуірінде Мұсылман комитетінің алқа мүшелері оның кандидатурасын уездік милиция бастығына қызметіне ұсынады. Бірақ саяси репрессиядан құтылмағандай. Ақыры 1931 жылы Қарқаралыда көз жұмыпты.

«КӨК ҮЙГЕ» ТАЛАС

Байқайтынымыздай, жиі аталатын сонау «Көк үй» жергілікті ауқымдағы

Шатыры көк түспен боялғандықтан жергілікті тұрғындар «Көк төбелі үй», «Көк үй» деп атап кеткен ғимарат сондағы Құнанбай мешітіне таяу. Иесі де әуел бастан үй жобасын есіктен шыққан бетте мешітке тура тартағындай ойластырған секілді.

Құрылысына бір де бір шеге қолданылмаған ерекше ғимараттың сегіз бөлмесі де бүгінде сонау ескі дәуірдің қымбат жәдігеріндей, саяхатшыларды қатты қызықтырады. Мұнда кезінде Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов сынды кейінгі алыптар тобы да талай ат басын тіреген.

Қазір Қарқаралы аудандық Мәдениет және тілдерлі дамыту бөлімі орналасқан бұл үй ежелден өркениет ошағы қызметін атқарыпты. «Көк үйде» әуелден бай кітапхана болады. Мұнда шығыс ақындарының, сондай-ақ орыс әдебиеті классиктерінің шығармалары, сан алуан музыкалық аспаптар қойылады. Осындағы мектепте оқыған Қарқаралының ұл-қыздары түгел дерлік, гармонь, скрипка тартуды үйреніп шығатын болған.

— Бүгін де «Көк үйді» көру үшін жер-жерден қаншама туристер мен түрлі делегация легі үзілмейтін көрінеді, — дейді Жәмила Кәмілқызы. — Бір айта кететін жәйт, кезінде сол «Көк үйдің» қасында менің атам Мұхаммед-Мұхтардың да үйі тұрыпты. Соны қиын-қыстау заманалар туған уақытта әкемнің туған жездесі Ғаниолла Қарсыбеков (Ораз Исаевтың көмекшісі Қарсыбек Қалмамбетовтің баласы. Қ.М.): «Сен мына үйіңді өкіметке тапсыр. Сонда қуғын-сүргін, пәле-жаладан құтыласың, — деп ақыл қосады. Осыдан кейін ол отызыншы жылдардың аяғында әкесінен қалған жалғыз мұра — екі қабатты ағаш үйді қоғамдық-саяси қорғаныс ұйымына өз еркімен өткізеді. Ал Қазан төңкерісінің алдында әкесі тірі кезінде өз атына банкіге салған бүкіл қаржысы да жана үкіметтің меншігіне өтіп кеткен көрінеді. Иә, кейіпкеріміз айтып отырса, Бекмет

әулетінің балалары бертіңде небір зәбірді көріп, тәркілеуге ұшырап, тұс-тұсқа тарыдай шашырап, бас сауғалауға мәжбүр болған екен.

Бір ғана Кәмілдің өзі бай тұқымы ретінде бала жасынан қаншама жапа шегіп, сан мәрте оқудан шығарылып, қорлықты көріп бағыпты.

— Тек бірде уездік милиция қызметкерлері жетім баладан үйдегі жасау-жабдық, дүние-мүліктің бәрін тартып алып, шаңамен әкегіп бара жатқанда атақты революционер Уғар Жәнібеков кездесіп қалады, — деп әңгімелейді Жәмила Кәмілқызы. — «Бұл кімдікі?» деп сұрайды Уғар. — «Бекметев деген баланыкі». — «Ә, онда бәрін кері қайтарындар! Бала әкесі үшін жауап бермейді!». — «Төргі бөлмедегі кілемнің үлкендігі соншалықты, төрт жігіт зорға көтеріп шықты» — деуші еді әкем. Мені қинайтыны, өрине, ол жағдайлар да емес; бүгінде сонау зорлық-зомбылық, тәркілеу басқа бір «жанаша» кейіпте жалғаса бастағандай...

Сөйтсек, біреулер, енді осы «Көк үйдің» өзіне көз қызарта бастапты. Шынында, адам сенбейтін жағдай. Жәмиланың айтуынша, кейбір әлеуметтік желілер, жекелеген адамдар, қандай саясат екені белгісіз, оны «Абайдың үйі» деп көрсетуге кірісіпті.

— Байқағаным бірталай болды, А.З.Бейсенов деген жергілікті этнограф өзінің «Сарыарканың көне жәдігерлері» деп аталатын фотоальбомында «Көк үйді» «Қарқаралыдағы Абай үйі» деп бадырайтып жазып қойыпты. (Алматы. «Хикары» баспасы. — 2014 ж. 16-бет). — Бұл көпе-көрнеу жасалған басқыншылықпен бірдей. Іздеушісі, сұраушысы жоқ деп ойлаған сияқты. Менінше, осы — қасақана, арам пығылмен жасалған әрекет. Белгісіз мүдделі күштер халықты біртіндеп шатастырып, келешекте Бекметевтер әулетінің атын өшіреміз деп дәмеленетін секілді, — деп опынады Жәмила Кәмілқызы.

Аталған жәйт бізді де қатты таңырқатып: — Автордың өзіне хабарласпадыңыз ба? — деп сұрадық. — Хабарластым. Өзіне телефон соғып: «Неге өтірік жазасыз? Құдайдан да, аруақтан да қорықпайтын қандай жансыз?! Өйтуте бола ма екен?!» — деп едім, бірталай уақыт үнсіз қалды да: — Кешіріңіз!» — деп тұтқаны тастай салды...

АЛБАРДАҒЫ КӨРМЕ

Біздің кейіпкерімізді қабыржытқан жағдайдың енді бірі өзінің сонау 2007 жылдан бастап ұйымдастырған «Көк үйдегі» фотокөрмеге байланысты болып шықты.

— Жастайымнан ойда жүрген бір арманым — бабаларымның өміріне қатысты жәдігерлерді жинақтап ел назарына ұсыну еді. Сөйтіп, «Бекметевтер әулетінің тарихы» деп аталатын көрмені 1901 жылы Қазан қаласында басылған «Құран Кәрімнің» фотосуретімен аштым, — дейді өзі.

Ол кітаптың иесі Мұхаммед-Мұхтар Халиоллаұлы екен. Осы күнге дейін ұрпақтары

ULT 7
E-mail: jas_qazaq@mail.ru
www.jasqazaq.kz

аялап ұстап келе жатқан қасиетті мұралардың бірі.

Сол секілді көрме залының оң жағына Абай Құнанбаевтың 1952 жылы Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасынан жарық көрген «Таңдамалы шығармалар» жинағының фотосуреті ілінеді. Оны Жәмиланың әкесі Кәміл Бекметев қолынан түсірмей оқыпты.

Көрме залының ортасында ҚР Орталық мемлекеттік мұрағатынан алынған құжат көшірмесі (шамамен 1884 жылғы) берілген. Онда Хамит Бекметевтің отбасы мүшелерінің тізімі бар. Бұдан Хамит Яхияұлының төрт әйелінен жиырма баласы болғанын білеміз.

Тарихи суреттердің ішінде Халиолла Хамитұлының фотосуреті ерекше орын алады. XX ғасыр басында өз қаржыларына Қарқаралы қаласында мешіт салдырған Уәлиолла Жағфарұлы ұрпақтарының орындары да айрықша көз тартады. (Реті келгенде айта кетейік, Уәлиолла Жағфарұлының қызы Бибі-Мәлікә-Зәрен Социалистік Еңбек Ері, Қазақстан ҰҒА академигі Әбілқас Сағыновтың анасы екенін көпшілік біле бермейді).

Көрмеден қазақ халқының әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, әдебиеті-мәдениетінің білгірі Мансұр Уәлиоллаұлының суретін де кездестіресіз.

Бекметевтер әулетінен Омбыдағы Сібір қалет корпусын екі адам — Абдул-Ғазиз Уәлиоллаұлы мен Хакімжан Халиоллаұлы бітіріпті. Абдул-Ғазиз 1894 жылғы 3-ші шілдедегі «Дала уаляты газетінің» № 26 санына «Қазақтардың қайдан шыққаны турасынан бұрынғыдан қалған сөз» атты танымдық мағынасы терең мақала жазған. Келушілер фотостендтен ұлттың рухани өміріне лайықты үлес қосқан осы кісінің де кескінін көре алады. Ол кезінде Қарқаралы уезі әкімшілігінің аудармашы қызметін атқарыпты. Штабс-капитан шенінде отставкаға шыққаннан кейін Қарқаралы уездік әкімшілігінің қызметкері болған. Көрмеде Абдул-Ғазиздың ұл-қызы: Норғайы, Кәукен, Шеролла, жиен немересі Тамара Хайдарқызының да суреттері бар.

Көпшілік назарына ұсынылған отыздан аса фотосурет арасында Халиолла Хамитұлының перзенттері — Мұғин, Гүлбахор, Гүлнахар, Мұхсиннің де бейнелері тұр. (Бүгінде АҚШ-та тұратын Тамара Мұхсинқызы кезінде атақты «Қыз-жәгіт» кинофильміне түскен).

Сондай-ақ Жәмиланың әжесі Бибінұр Мұхаммед-Қасымқызының кескіні де



Тамара Мұхсинқызы

соналайдан көз тартады. Жүз жасаған қария шағында Абайды көрген жан екен.

— Тағы бір тарихи сурет — XX ғасыр басында белгісіз фотограф түсірген Қарқаралы қаласының көрінісі, — дейді кейіпкеріміз. — «Көк үйдің» оң жақ қапталында бак болған екен. Оны отырғандар Хамит Бекметев. Бүгінде ол бак жоқ. Ал осы саябақтың бір шетінде менің атам Мұхтар Халиоллаұлының үйі көрініп тұр. Сурет кешке қарай түсірілген болуы керек, үйдің шамы жарқырайды. Мен үшін бұл сурет өте қымбат. Өз дәуірінде Бекметевтер Қарқаралыда тұтас бір ауылдай ірі әулет болыпты. Бұлардың ағаштан салған үйлері бір-біріне жақын орналасқандықтан, ол аймақ «Татар кварталы» деп аталып кетіпті...

Бекмет ұрпақтарының да көптеген өкілі Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан екен. Бірқатары майдан даласында қаза тапқан. Мәселен, бұл тізімді: Асхат Нұрғоллаұлы, Ағылбум Қасымұлы, Мұхаммадияр Хашимұлы, Асфендияр Хашимұлы, Мұффахар Мәжитұлы, Ғафар Мәжитұлы... деп жалғастыра беруге болады.

Бейбіт еңбекте де тер төгіп, лайықты сый-құрметке бөленген адамдар да бірқатар. Мәселен, Қарағанды аумағы ұзақ уақыт Көмір өндірісі саласында басшылық қызметте болған Асфендияр Бекметевті жаксы біледі. Ал оның ұлы Евгений бертіңге дейін Қарағанды облыстық Білім бөліміне

жетекшілік етті. Қазір Мәскеу қаласында тұрады.

Жәмила Кәмілқызы: — Міне, бүгінге дейін Бекмет әулетіне қатысты тірнектеп, қыруар экспонат пен түрлі құжаттар жинаппын. Ренжитін себебім — «Көк үйдің» әкімшілігі менің көзім тайған бойда-ақ осынау көрме бұйымдарын албарға қарай, кіреберіске... Табалдырық алдына шығарып қойыпты! Неге олай?! Бұл әрі-беріден кейін бұл Бекметевтердің өз үйі ғой! Құнды мұрағаттар төрде тұруға тиісті емес пе?! — дейді.

Жәмиланың айтуынша, әкесі Кәмекең өле-өлгенше Алашордашыларға табынып, солардың еңбектерін насихаттаумен өткен.

— Жас кезімде шешеме әлдекімдер туралы: «Ойбай, ол кісі Алашорда мүшесі ғой!» деп сұқ саусағын көкке көтеруші еді. Сонда анам

марқұм да аң-таң болып: «А-а!» — деп көзі бақыраятын, — дейді кейіпкеріміз. — Негізі, менің әкемді тәрбиелеп өсірген өгей әкесі қарағандылық қазақ Құсайын Көшенов деген кісі екен. 1937 жылы ұсталып, бір жылдан кейін атылып кетеді. Әкем төлқұжатқа қазақ болып жазылған. Бірақ асыраған әкесі оның «Бекметев» деген тегін өзгертпеген. Әкемнің өгей әкесіне алдалғыны сонша: «Біз қаракесек — көрсен-кернейміз» деп отыратын-ды...

Кейіпкеріміздің әңгімесіне қарағанда, әкесі қызының құлағына талай нәрсені құйған секілді.

— Бәлкім, содан ба екен, қаршадайымнан жергілікті өлкенің тарихына құмар болдым, — дейді өзі. — Папам солақай күштер 1930 жылдары біздің әулетке ғана емес, жалпы Қазақ тарихына қатысты архивтерді қасақана өртегенін айтатын. Жалпы, осы күнге дейін ұсақ-түйек көрінсе де, әрбір қалт еткен нәрсенің бәрін мейлінше қамтуға тырысып, жинақтап жүремін. Мысалы, Ресей империясының генералы Лавр Корнилов Қарқаралыда туған адам. Оның Алматыда тұратын немере қарындасы Маргарита Порфеньевна Корнилованы тауып, телефон арқылы хабарласқанымда, ол кісі бірден: «Сендердің әулеттеріңді жақсы білемін.

Қарқаралыда алтыншы сыныптан бастап төрт жеті сіздің апайыңыз Жәмила Мұхсинқызымен бір партада отырдық, екеуміз дос едік. Кезінде Қарқаралыда көп ұлттың өкілдері тату-тәтті өмір сүрді. Жасырақ кезімде жыл сайын елге барып тұрушы едім. Шіркін, туған жердің табиғаты да, адамдары да ерекше ғой, — деп күрсінді. — Біздің үйде бұрынғыдан қалған фотосуреттер көп еді, бірақ қуғын-сүргін кезінде қорыққанымыздан бәрін отқа жағып жібердік, солардың ішінде Лавр Георгиевичтің де суреттері бар-тын» — делді.

Жәмила бірде белгілі майдангер жазушы Қалмұқан Исабәевпен жолығып қалыпты. О кісі де мұны танып:

— Жалпы, сендер туралы тарихқа біршама қанықпын. Әсіресе, сіздердің тұқымның қыздары өте өжет келеді екен. Архивтен Таиси Бекметева деген апаларың туралы құжат таптым. Ол соғыс кезінде ұшқыштар мектебінде оқыған көрінеді. Кейінірек маған кел, деректермен тереңірек таныстырамын, — деп үйінің адресін айттыпты.

Бұл өзі іздегісі келіп, Қордың нөмірін сұраса, қаламгер айтпапты.

— Сонғы рет, телефон соққанымда, ағайдың қыздары: «Әкеміз сізге келсін деп жатыр» делді. Барғанымша, қайтыс болып кетті. Сөйтіп Таиси Абділлақызының тағдырынан бейхабар болып қалдым, — деп қатты өкінді. — Дегенмен, туыстарды іздегіртуді доғарған жоқпын. Таяуда Жағфар қажы Бекметевтің ұрпағы Зәйтұна апайымызды іздеп таптым. Қарағанды облысына қарасты Қаражал қаласында тұрады екен...

Жәмиланың арманы — болашақта сонау «Көк үйді» отбасылық қана емес, үлкен Алашорда музейіне айналады.

Біз шағын әулет тарихын Қазақ елінің елдік мұраттарымен ұштастыруға ұмтылып жүрген жанның ісіне сәттілік тіледік.

Құлтөлеу МҰҚАШ



«Көк үй»

Тарихтан білетініміздей, аталмыш құжат жоғарыда елеулі серпіліс туғызады. Сен түбегейлі қоғалмағанымен, басқыншы билік бұл талаппен санаспаса болмайтынын түсіне бастайды. Бірақ арада он жылдай өткенде Ұлы төңкеріс сол мәртебелі императордың өзін де жайаннамға жібергені мәлім...

«Қарқаралы петициясы» Халиолланың «Көк үйінде» жазылған екен. Бұған жоғарыда

жиындар мен Карақаралы манайындағы басқосудардың орталығына ғана емес, тұтас Алаш қауымының штаб-пәтеріне айналған екен. Құнанбай Өскенбайұлынан, Абайдан, Әлихан мен Ахметтен бастап қазақтың игі-жақсысының бәрі түскен бұл жайлы XIX ғасырдың орта тұсында ірге көтергенін аңдаймыз. «Көк үйді» салдырған Хамит Яхияұлы Бекметев көрінеді.

САТИРА
САРАЙЫ

Күпия қызметтің қатардағы қызметкері Су-Тиянгты бастығы таң атпай кеңсеге шақырды.

Су-Тиянг бет-алпеті мен сыртқы пошымын асқан ұсталықпен өзгертті. Енді оны көргендер «Бұл кісі туа біткен қайыршы» дейтін еріксіз. Қалың қауымды аралап шықса да, одан асқан қайыршыны табу қиын.

Жаңа кәсіпке кіріскенде таңертең бастығы қасынан өтіп бара жатып, мұның қолына бес йен қыстырды да, естілер-естілмес: — Жарайсын, Су-Тиянг! — деді. — Осы істі саған тікелей өзім тапсырмағанда сенің шын қайыршы еместігіңе өзім де сенбес едім.

Алғашқы күн алақанға атылған, жерге тасталған ұсақ ақшаны жинап

— Мәлімет күтемің! — деді.

Су-Тиянг бір ай бойы жұрттан қайыр сұрады. Осы іске бастағанда мұншама ақша жинаймын деп мүлдем ойламапты. Бұл кәсібі оңай, жан кинамайды. Өзімен өзі, еркін. Қаласа, алақан жаяды. Қаламаса, «жұмысқа бар» деп ешкім зорламайды. Дереве шешім қабылданды. Таңертең бастығының алдына келді. Бастығы мұны көре салысымен:

— Мәліметті осыншама кешіктіргеніңізге қарағанда, тапсырма орындалды-ау деймін?

— Иә, — деді Су-Тиянг. — Міне, дайындаған есебім, алыңыз!

Қағазға көз жүгірткен бастықтың сарғыш рені күріштің қабығындай ағарып сала берді. Бұл жұмыстан кету жөнінде өтініш еді. Су-Тиянг қызметтен кетуді жөн көріпті. Бастығы:

— Сіз, не, ақылыңыздан адастыңыз ба, Су-Тиянг? Көп өтпей зейнеткерлік демалысқа шығатын едіңіз ғой. Сонша жылғы еңбегіңізден қалай бас тартасыз?

— Бас тартамын, — деді Су-Тиянг ойланбай.

— Сіз секілді тісқаққан маман...

— Мейлі, бәрібір кетемін.

Бастық қолын Су-Тиянгтың иығына қойды. Күпия қызметте өткізген ұзақ жылдар адамның көмейіндегі көріп қоюды үйреткен. Су-Тиянгтың көзіне тіке қарап:

— Су-Тиянг, мені алдай алмассыз. Мұның астарында, сөз жоқ, бірдеме бар, — деді ойланп.

Су-Тиянг әлдебір күмәнмен бастығына көз тастады. Сөйтіп де қалтасынан бір дәптерді шығарды. Онда қайыршылық жасаған әр күні қанша ақша жиналғаны тәптіштеп жазылған болатын.

— Мен мына ақшаны сіздің арқанызда таптым. Сол себепті сізге шынымды айтып отырмын. Өзге ешкімге тіс

Әзиз НЕСИН

Құт кәсіп

— Су-Тиянг, сізге аса маңызды бір тапсырма бергім кеп тұр. Мүқият тынданыз! Бұл сіздің бүгінге дейінгі қызметіңізде бұрын-соңды болмаған мәртебелі міндет. Ойдағыдай орындайды деп сенемін.

Су-Тиянг көзін ескі бәтінкесінің тұмсығынан алмай, қысыла-қымтырыла сұрады:

— Сыйақысы бар ма, мырза?

— Мүлтіксіз орындасаныз, оған сөз бар ма?! Үш мың патака аласыз. Ал енді жақсылап құлақ түріңіз.

Күпия қызметтің бастығы тоқтаусыз сөйледі. Байғұс Су-Тиянгта оны ұғатындай шама жоқ. Үш мың патака жан-дүниесін жаулап алғандай. Үш мың. Былай қарасаң, әжептеуір сияқты. Бірақ базарға барсаң, түк емес. Сусып жоқ боп кетеді.

Су-Тиянг бұл шаруаны қалай да реттей алатынын біледі. Тек құрғыр, әлгі үш мың патака тым аз.

Бір кезде бастығы:

— Сіз американ күпия қызметіндегі кеңесші Жак Тауелдің дәрісін тындап па едіңіз?

Ойы әлі де үш мың патаканы айналсоқтап жүрген Су-Тиянг түсінбей:

— Кім дейсіз? — деп мінгірледі.

Бастығы қатқыл дауыспен қайталады.

— Американдық кеңесші...

Ә, иә, иә... Сол курста мен ең жоғары баға алғанмын.

— Тамаша! Онда саған сендім. Мені жақсылап тында, Су-Тиянг. Бет-әлпетіңді адам танымастай етіп өзгертесің. Кәдімгі қайыршы кейпіне енесің. Пу-Кунг көшесіндегі алқызыл түске боялған алып ғимараттың қасында отырып, садақа сұрайсың. Ұқтың ба? Таңертеннен кешке дейін сондасың.

— Түсіндім, мырза. Қайыршының кейпіне ену маған түк те қиын емес.

— Әлгі үйге кімдердің кіріп-шығатынын білуге тырыс. Күн сайын кешке сенен ақпар күтемің.

— Әміріңізге құлдық, мырзам.

қалтаға сүңгітумен кетті.

Арнайы тапсырманы орындауға мұрша болмады.

Осынау кембағал өлкеде қайыршымы, кедей-

кепшікті мүсіркейтіндер көп екен! Бұрышта малдас

құрып отырған Су-Тиянг алдына беторамалды

жайып тастады. Орамал әп-сәтте ақшадан көрінбей

қалады.

Су-Тиянгтың есі шықты. Күпия қызметте

күндіз-түні жортатын.

Сондағы бір айда табатын

ақшаны алақан жайып, үш күнде оңай жинауға болады

екен.

Қайыр сұрағалы екі жеті өткенде таңертең

құлағының түбінен ысылдаған дыбыс естілді.

— Су-Тиянг, осы уақытқа дейін сен ешқандай мәлімет бермедің!

Қайыршы қорыққанынан басын көтерді.

— Құдай ризасы үшін... Жақсы, ертең

кешке жеткіземін... Аса қайыршымы мырза,

жөк-жіткіке жәрдеміңіз сауаптан жазсын...

Міндетті түрде әкекемің, әміршім...

Мүсәпір-міскінге, кедей-кепшікке садақа

бере көріңіз...

Қайыршының алдына ақша тастаған

жүргіншілер оның сөзін түсініп жатқан жоқ.

Бастығы кетерінде:



жарып, сыр білдірмеймін. Сіздің де басқаларға айтпауыңызды ерекше өтінемін.

Бастығы Су-Тиянгқа жыл жүзбен қарап:

— Су-Тиянг, дымың ішінде болсын.

Сен де ешкімге айта көрме. Осы күпия тек екеуіміздің арамызда қалсын. Жұрт көп жүретін көшеде өзіме орын сайлап, мен де осы кәсіпті дөңгелетсем деймін.

Түрік тілінен аударған
Срайыл СМАЙЫЛ

«JAS QAZAQ-TYH» САУАЛЫ

— Jasqazaq.kz сайтындағы watsapp нөмірімізге Алматы қаласының бір көшесінде ілініп тұрған «ОТИС» компаниясының жарнама тақтайшасының суретін жіберіпті. Онда оқырман «Күзеттің елеуімен қорғау» деген сөз тіркесін түсінбегенін айтқан. Қазақта елеу-ескеру, мән беру деген сөз бар. Ал мынау аудармадағы «елеу» сөйлемнің мағынасын мүлде ашпайды. Орынсыз қолданған. Қателікке байланысты нақты жауап беруіңізді сұраймыз.

А.А.
ТҮСІНГІН КӨР?



ЖАУАБЫ

Наталья
КУДРЯВЦЕВА,
«ОТИС» ЖШС
маркетинг
бөлімінің
басшысы:

— «Күзеттің

елеуімен

қорғау» — «Охрана с реагированием КУЗЕТ» сөзінің аудармасы. Оны 2015

жылы Алматы қаласы тілдерді дамыту басқармасына қарасты «Тіл»

оқу-әдістемелік орталығының маманы бекітті. Біздің ойымызша, дұрыс

тәржімаланған. Дегенмен мемлекеттік тілдегі сыртқы жарнаманы бекітетін

компаниялар жыл сайын ауысатынын айтқым келеді. Біздің ойымызша,

Алматы қаласы тілдерді дамыту басқармасы осы мәселені өздері тікелей

қадағалайтын болса, мұндай қателіктер орын алмайтын еді.



И.Н.Е.Е.Р


«Жорғатай» деген халық өні бар. Ал біздің «Жорғатай» өн емес, ағаштан жасалған балалардың ойыншығы. Тайдан аумайды. Ағаштан құраған, көздің жауын алатын ақ, қара, құла, күрең, жиірен тай. Балалардың мініп, тербеліп ойнауына өте ыңғайлы.

Жеңістің
«Жорғатайлары»

Отандық өнімнің авторы — белгілі фотограф әрі колөнер шебері Жеңіс Ысқабай. Ол өз өнімін «Жорғатай» деп атапты. Шебер «Жорғатайды» смартфонға үйір балаларға арнап жасаған. Ауыл өмірінен жырақтап қалған қала балалары үшін де бұл таптырмайтын ойыншық.


БАЛЫРЫННҒЫ
ҚҰРЫНЫНҒЫ

Қазақ жол



ӨНЕРПАЗ

Күрескен құлтемірлер



Бір күні құлтемірлер құдаласып жатса, таңқалмаңыз. Отандық өнерпаздар ғаламдық ілеп-түл қалмай, өздері құрастырған құлтемірге сан түрлі әрекет жасатуда.

Жуырда ғана Павлодар облысы Қашыр ауданында өткен RoboStroy фестивалінде мектеп оқушыларының

қолынан шыққан роботтар бір-бірімен күресіпті. 5-10 сынып оқушылары арасында өткен жарысқа алты команда, 30 өнерпаз қатысты. Облыстық білім беру басқармасы хабарлағандай, фестиваль үш кезеңнен тұрады: «Бір түзумен жүр», «Сумо» күресі және «Роботтарды жина». Жеңімпаздар мен жүлдегерлер мақтау грамотасы және құнды сыйлықпен марапатталды.

ЕСТІМЕГЕН
Е.А.Е.Е.Е.Е.Е.

GGG-дің
жанкүйері

Отандасымыз, кәсіпқой боксшы Геннадий Головкиннің әр елде жанкүйері көп. Осы күнге дейін сол жанкүйерлердің түрлі әрекетіне куә болдық. Бұл жолы америкалық азамат бығары қолғап шеберінің портретін шұйдесіне салғызыпты.

Ал шаштарыз Мигель Росас Twitter-де Г.Головкинге арналған жұмысының суретін жариялаған. Prosports.kz хабарлағандай, шебердің жұмысын GGG промоутері Том Леффлер де бағалап, әлеуметтік желіде бөлісіпті.

Бас редактор — директор
Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ

Бас редактордың орынбасары

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА

компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Салтанат ШЫРЫНХАН —

арнаулы тілші

Әбдіманап КЕҢЕС —

жастар және ғылым

Кәмшат ТӨЛЕШОВА —

терімші

Айдоқ ҚҰСАЙЫНҰЛЫ —

web-caim

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Бейсен НАРЫНБЕК — Астана қаласы (8 702 799 79 23)

Байқал БАЙӘДІЛОВ — Ақмола және

Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Лина АЙДЫН — Алматы облысы (8 707 666 16 03)

Баия ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы (8 702 426 69 05)

Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия mahmutba@online.no

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор

Салтанат ШЫРЫНХАН

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың

орынбасары

Мейрамбек

ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші

Расима

ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050004, Алматы қаласы, Абылай хан, 51/53, 6-қабат (М.Мақатаев көшесінің қиылысы)

Телефондар: 8(727) 279-04-99; 279-09-19

Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 279-09-23 (жарнама бөлімі)

Газет 2004 жылғы 14 желтоқсанда ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде тіркеліп, бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы №5710-Г куәлігі берілген.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет «Дәуір» ЖШС РПІК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй) тел: (727) 273-12-04, 273-12-54

Тапсырыс — №2112; Бағасы келісім бойынша

Айлық таралым — 40 000 дана

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «AirAstana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуекомпанияларының ұшақтарында бар.